XX ғасыр кезіндегі қазақ театрының сахнасында ұлттық балеттерді кеңестік хореография өнерінің беделді балетмейстерлері мен дарынды композиторлары жасап шығарды. Олардың білімділігі мен тәжірибесі театр артистерін шабыттандырумен қатар, сол кездегі қарапайым көрерменді балет өнерімен таныстырып, театр репертуарын ұлттық қойылымдармен байытты.

1956 жылдан бастап театр ұжымы «Жоңғар қақпалары» немесе басқа редакцияда жазылған «Достық жолымен» атты жаңа ұлттық балетімен жұмыс жасай бастайды. Бұл балет сол кездердегі жағдайларды суреттейтін қойылым болатын. Балетті жасаған тұлғалар – әнші-актер, режиссер, драматург, Қазақ музыка театрының негізін қалаушылардың бірі, Қазақстанның Халық артисі, Қазақстан мемлекеттік сыйлығының лауреаты, К.Байсейітов (1905-1979 ж.ж.) сценаристі, қосымша авторы ретінде болған мәскеулік композитор Л.Степанов (1908-1971 ж.ж.) және театр суретшісі А.Молдабеков (1924-2011 ж.ж.) болатын.

Қойылым қазақ сахнасының ең ірі майталманы, ҚазКСР-інің еңбегі сіңірген артисі Ю.Ковалевке тиесілі болды. Классикалық балетті жан-тәнімен қолдайтын Ю.Ковалев өзінің жетістіктерін кеңінен танымал ету үшін көп еңбек етті. «Кез-келген балет театры үшін, соның ішінде ұлттық балет театры үшін де бастысы,

классикалық толық нұсқалы репертуардың болуы. Театр мен көрермен осыдан өседі», – дегенді жиі айтатын еді балетмейстер. Қазақ балетінде жұмыс істеген барлық жылдар бойы осы міндетті жүзеге асырып келді. Орыс балетінің алғашқы труппасын құрған да, қазақ көрерменіне «Коппелия» классикалық балетін алғаш таныстырған да осы кісі болатын. Жаңа ұлттық балеттің сценарийі спектакльмен жұмыс басталудан көп бұрын маңызды ескертулер туындатты. Қоюшы-балетмейстердің әлсіз драматургиялық негізі көңіліне қонбады. Сценарийде достық, махаббат және адалдықтың, еркіндік үшін күрестің терең тақырыптары тарихи тұрғыдан дұрыс емес, сендіре алмайтын және үстіртін түрде берілген болатын. Сюжетте мелодраматизм, тұрмыстық іс-әрекеттер тым көп болатын. Л. Степанов партитурасында кейіпкерлердің музыкалық сипаттамалары болмады, онда мелодиканың ұлттық ерекшеліктері сезілмеді. Балетмейстердің көмегімен балеттің драмалық және музыкалық негізі жартылай кемшіліктерден арылды. Көп күш-қайрат жұмсалған, назар салынып, жұмыс жасалған «Жоңғар қақпалары» атты балеттің премьерасы 1957 жылдың 15 шілдесінде болды. Музыкалық-драматургиялық хореографияның жетіспеген тұстарын актерлік табыстар да, би қойылымдарының қызықты хореографиясы да толықтыра алмады. Егер Мәскеудегі қазақ өнері мен әдебиетінің алдағы декадасына дайындық жұмыстары басталмағанда, жаңа балеттің тағдыры қалай қалыптасары белгісіз еді. Театр «Жоңғар қақпалары» балетін таңдағандықтан, Л. Степанов музыкасын қазақтың әйгілі күйші-композиторы, дирижер, дәулескер домбырашы, ҚазКСР-нің Халық артисі, КСРО Халық артисі, халық қаһарманы Н. Тлендиев (1925-1998 ж.ж.) және театр дирижері, ҚазКСР-інің еңбек сіңірген артисі Е. Манаев (1910-2001 ж.ж.) жазып аяқтайды. Қоюшы Ю. Ковалев пантомимикалық сахна көріністерін қайта жасап, қазақ билерін редакциялаған биші, балетмейстер, Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері, Қазақстанның Халық артисі Д. Әбіров (1923-2001 ж.ж.) қосылды.

Театрдың репертуарында жаңа бағыт, жаңа жол салу Д.Әбіровке (1923-2001ж.ж.) бұйырды. А. Селезнев атындағы Алматы хореография училищесін бітіргеннен кейін әскер қатарында болуы және Мәскеу қаласында білім алуы оның артистік өнерін біраз жылға үзіп тастады. Жоғары хореографиялық білім алған Д. Әбіров 1952 жылы елге оралды. Қазақ балет өнерінің алғашқы жергілікті маманы ретінде танылды. Д. Әбіров – қазақ ұлтынан шыққан алғашқы кәсіби балетмейстер [1, 104 б.].

Жаңа қойылымда балет «Достық жолымен» деп аталды және оның алғашқы спектаклі көрермен назарына 1958 жылы 5 шілдеде ұсынылды.

Алайда, драматургия кемшіліктері балеттің осы редакциясында да сақталды. Пролог пен эпилогтың тек бірінші көрінісі ғана қазақ жерінде, қазақ халқының ортасында болды. Уақыт бойынша үлкен бөлігі шетелде, Қытай елінде дамытылды. Мазмұны мен драмалық шешім тұрғысынан тек осы тұсы ғана әлсіз болды.

Бұл кездері Мәскеуде Қазақстан өнерінің екінші онкүндігін өткізуге қызу дайындық жүріп жатқан болатын. Декадаға дайындық процесінде Абай атындағы Мемлекеттік академиялық опера және балет театры КСРО-ның Үлкен театры тарапынан шығармашылық қолдау көрді. Декадаға біршама уақыт қалғанда Алматыға хормейстер А. Хазанов, режиссер Г. Анисимов, суретші Б. Волков, дирижер Б. Хайкин келді. Қазақ балетінің жұмысына басшылық ететін балетмейстер, режиссер, КСРО Халық артисі, Қазақстанның Халық артисі, өнертану ғылымының докторы Р. Захаров (1907-1984 ж.ж.) «Бахчисарайский фонтан» балетінің авторлық редакциясын да жаңартты және «Достық жолымен» балетін айтарлықтай қайта өңдеп шығарды. Ең алдымен, ол балет сюжетін жалпы өзгерте отырып, сюжеттегі артық мимикалық мизансценалардан арылтты. Аралық бөлімді анағұрлым нақты бөліп көрсетті, Жәмилә, Ли-Синь образдарын хореографиялық және рухани жағынан дамытты, байытты, хореографиялық көріністерді әлдеқайда жақсартты. Л. Степанов, Е. Манаев және Н. Тлендиевтер қайта жазған музыкадан толық қойылымдық бірлестіктің белсенділіктері көрінді, яғни музыкалық көріністер жақсарылды, жалпы барлық партитураны қайта өңдеді. Р. Захаров, Д. Әбіровтің қойылымдық толықтыруларын қытай билерінің консультанты Ван Си-сиян, қазақ кескіндемешісі, театр және кино суретшісі, Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген өнер қайраткері, Қазақстанның Халық суретшісі, «Платинды Тарлан» сыйлығының иегері Г.Исмаилованың (1923-2013 ж.ж.) қайта өңдеуі өз жемісін берді.



Сурет 1. «Достық жолымен» балеті, 1958 жыл
Жәмилә – Р. Тажиева

«Достық жолымен» балеті туралы Қ.Айтқалиева өз ғылыми жұмысында: «Балетте шуақты күнді белгілейтін түрлі-түсті сахналық сәндемелер, дала суреттерімен үндесіп жатқан киім-кешек түстері, ұлттық билердің әдемі іс-қимылдары, бояу, жарық барлығы би мерекесінде астасып жатты. Көне қытайдың билері үлкен шеберлікпен қойылған. Эпилогта ешқандай іс-қимыл, әрекет жоқ. Бұл акт халықтар достығын бейнелейтін үлкен дивертисмент ретінде берілген. Балетте классика мен ұлттық би элементтері үйлесімділік тапты. Әсіресе, композицияның ең қызықты тұсы ұлттық би қимылдарымен ерекшеленген «Қасқыр мен қойлар» би-ойыны болатын», – деп көрсетті [2, 84 б].

«Достық жолымен» атты балеттегі басты әйел бейнесі – Жәмилә есімді кейіпкер және жастар Құралай мен Сабыр. Балеттің басты тақырыбы – ерлік, адалдық пен достық қасиеттер. Осы екі мінездің сипаттары қойылымдағы басты кейіпкерлердің мінездеріне енгізілген.

Балеттің бірінші көрінісі – 1932 жылдағы Алакөл жағасындағы қонысты суреттейді. Осы жерде, жақында ғана ұйымдастырылған колхозда қарбалас тіршілік жүріп жатыр. Сол маңда екі отбасы бір уақытта сәбилі болды. Колхоз басшысы Жайнақ Сарбасовтың жары Жәмилә Құралай есімді қызды өмірге әкелді. Ал, қария Қадырбайдың шаңырағында, қызы Алтынайдың құрсағынан сол күні Сабыр есімді ұл бала дүниеге келді. Екі шаңыраққа бірдей қуаныш келіп, көне дәстүр бойынша Қадырбай өзінің жаңа туған немересі мен сәби Құралайды атастыруға рұқсатын берді. Колхоз жұртында мейрам, еңбекшілер мен Алтынайдың құрбылары оған түрлі сыйлықтар

беруде. Бірақ Алтынай мұнды. Оның осындай күйде отырғанына мазасызданған құрбылары жанына жиналды. Колхоз өңірінде әлі де той. Жайнақ пен оның әйелі Жәмилә жаңа дүние есігін ашқан Құралайды алып киіз үйден шығады. Жұрт олармен амандасып, сыйлықтарын ұсынады, ал сол сыйлықтың ішінде көне сақина да бар. Абзал жар Жайнақ сақинаны Жәмиләнің саусағына тағады. Содан кейін жаңа туылған нәрестелерді атастыру рәсімі өткізіледі. Той үстінде қонысқа, кенеттен басмашылар тобы баса көктеп кіріп келеді. Жайнақ бастаған ұжымшар жұрты оларға қарсы тойтарыс беруге тырысып бағуда. Алайда, басынан аяғына дейін қаруланған басмашылар колхозды жаулап, колхоз игілігін тонап, әйелдерге жәбір көрсетеді. Міне, басмашылардың басшысы Әли, колхоздық құрылысқа деген ашуы қара қазан, ол үйдің «Ленин атындағы колхоз басқармасы» деген жазуы бар тақтайшасын жұлып, аяққа таптайды. Кеңес патриоты Жайнақ бұл мазаққа шыдай алмай, сол тұста, ызаланып тақтайшаны Әлиден тартып алады, ал ашуға булыққан Әли, қанжарын шығарып Жайнаққа қатерлі соққы жасайды. Жәмилә сүйікті жарының қозғалыссыз жатқан денесінің басында еңіреп жылайды. Дүрбелең басталды. Әли сабыр сақтауға тырысуда. Оны тоналған мүлік еліктіреді. Әли тұтқынға түскен әйелдерді қоршауға бұйрық береді. Басмашылар жүгіріп бара жатыр. Олардың бағыты – Қытайға апаратын таулы өткел «Жоңғар қақпалары». Тұтқындар арасында – Жайнақтың денесінен күштеп әкетілген Жәмилә мен қолына сәбилерін ұстаған Алтынай бар. Қатерлі жарақат алған Жайнақ есін жияды. Колхозда қалған Қадырбай оған көмек қолын созады. Осындай сахналық қозғалыспен бірінші көрініс аяқталады.

Екінші көрініс – КСРО мен Қытай шекарасы. «Жоңғар қақпалары» өткеліне жақын жерде орналасқан тау шатқалы суреттелген. Сахнаға басмашылар шығады, олар қазақ тұтқындарын әкетіп жатыр. Олардың арасында балаларымен Алтынай мен Жәмилә да бар. Қытайға шекара аймағының мырзасы Фундзенің рұқсатынсыз басмашыларды өткізбей тұр. Осы жерде басмашылардың басшысы Әли де бар, оған Жәмилә өшпенділікпен қарайды. Ол өзегі өртеніп, ызалана Әлиге қанжармен соққы жасағысы келген, алайда Әли оны жерге қарай лақтырып жіберді. Жәмилә әбден қажыды, бітпес қайғысы артып, әлі қалмаған соң амалсыздан қанжармен кеудесін шаншуға әзір. Бірақ, соңғы минутта Алтынай оның қолынан ұстап өлімнен арашалап қалды. «Артында балаң қалды – сол ендігі өмірің» деп жұбатады. Ақырында, Жәмилә әлсін-әлсін сабырға келе бастайды. Жәмилә Құралайды емірене әлдилейді. Міне, қара бұлт Алтынайдың төбесінен де көрінді. Оған Әли алымсақтық жасап мазасын алуда, «Қаш!» деп шешті Алтынай. Бірақ ойы іске аспай, қолын басмашылар

байлап алды. Жәмилә Әлиден Алтынайды босатуды өтінеді. Алайда, оның тас жүрегі өтінішті елемейді. Сол кезде, Жәмилә байқатпай Алтынайға қанжарын ұстатады. Алтынай қиыс кетті... Әли жарақат алды. Ашуға толы ол Алтынайдан қанжарды жұлып алып, оған қатерлі соққы жасайды. Алтынай құлады. Сөніп бара жатқан бар күшін жинап, ол кішкентай Сабырға қарай еңбектеп барады. Ол оған жалғыз қалған сәбиін ана ретінде аманат етіп кетеді.

Қытай шамдарымен көмкерілген зембілге мінген қытай мырзасы Фундзе көрінеді. Оған Әли басмашылармен тұтқындарды алып Қытайға кіруді сұрайды. Осы ретте Қытай мырзасының алдында сұлу Жәмилә тұр, ол оған көмек сұрап, аяғына құлап өтінеді. Фундзе жас әйелге тәнті. Фундзе Жәмиләны тұтқыннан босатуға көмектесуге әзір. Шекарадан өтуге төлем ретінде Әлиге Жәмиләні сұрайды. Әли келісті. Жәмилә балаларына қарай қолын созып оларсыз ешқайда бармайтынын білдірді. Қытай мырзасы оларды Жәмиләға әкелуді бұйырады. Мырза Жәмиләмен балаларын алып, Қытайға қарай жол жүреді, олардың артынан басмашылар еріп барады.

Үшінші көріністің бірінші сахнасы – губернатор үйіндегі жазғы бақ. Фундзе Чай Канши әскеріндегі америкалық басшылықтың өкілі келуіне орай кеш ұйымдастырып жатыр. Олардың арасында гоминьдандық (Қытайда болған ұлтшыл жер иелері партиясы) генерал бар. Жәмилә сол қалпы сұлу, өзінің ару қызы Құралай мен бауырына басқан баласы үшеуі осы жерде қызмет етіп жүр. Концерт басталды. Қытай қыздары шәлімен өнер көрсетуде. Одан соң әдемі билер орындалып жатыр. Қонақтардың қызығушылығын Құралай мен Сабырдың орындауындағы көне қытай халқының «Махаббат айқасы» биі туғызды. Фундзе қонақтарды баққа шақырады. Генерал, Америка азаматы және Фундзе оңаша қалды. Алдарында әскери - стратегиялы карта. Қастарына адъютант келіп, американдыққа аса маңызды хабарлама әкелді. Телеграмма американдық пен генералдың қуанышын туғызды. Олар бокал соғыстырады. Америка азаматы «буги-вуги» биін билеп бастайды. Фундзе мен генерал Америка азаматының биіне еліктеп билеуде. Америка азаматы белгісімен Фундзе телеграмманы құпия бөлмеге жасырады. Олар баққа қарай беттейді. Жәмилә құпия бөлмеге қарай барып, телеграмманы кеудесінде жасырды. Жәмиләнің алдынан Құралай мен Сабыр шығады. Олар анасымен көңілді ойнап, би билеп жүр. Бірақ қазір Жәмиләның ойы телеграмма болып тұр. Ол телеграмманы Ли-Синьге беруге асығады.



Сурет 2. «Достық жолымен» балеті, 1958 жыл
Құралай – С. Кушербаева,
Сабыр – Г. Акжанов

Құралай мен Сабыр оңаша қалды. Жастар бір-біріне ғашықтық сезімін «adagio» биімен жеткізеді. Олар мәңгі бірге боламыз деп серт берді. Ал би қозғалыстары олардың бақытты жастық шақтарын бейнелейді. Жәмилә Ли-Синьге телеграмманы тапсырды. Бірақ, кенеттен, Америка азаматы келіп қалып, күдікті әрекеттерді байқап, бағананың артына жасырынады. Ли-Синь Жәмиләнің тапқан затына абыржулы. Ол Жәмиләға маңызды қызмет атқарғандығына алғысын білдіреді. Америка азаматы не болғанын түсініп тұр. Оның бойын ашу кернейді. Құралай Америка азаматын көріп, Ли-Синьді жасыруға тырысады. Бірақ кеш – Америка азаматының қолында тапанша. Ол Ли-Синьді көздейді. Бірақ Жәмилә Ли-Синьді кеудесімен жауып үлгереді. Оқ атылды. Оқ төбеге қарай кетті. Артынан келіп қалған Сабыр, Америка азаматының қолын тартып жіберді. Жерде демсіз жатқан Америка азаматының денесі, жанында қанжар жатыр. Америка азаматының жоқтығына мазаланған генерал мен Фундзе жүгіріп келді. Генерал Сабырды тұтқынға алуға бұйрық береді. Жәмилә Америка азаматының өлімін өз мойнына алуды шешті. Ол Фундзе мен генералдан Сабырға аяушылық танытуды өтінеді. Генерал Жәмиләні тұтқынға алуды бұйырады. Жәмиләні алып кетеді де, артында қалған Құралай еңіреп жылайды. Бөлмеден әлсіреп Ли-Синь шығады. Тек өздері қалғанына көз жеткізіп, Құралайға көңіл айтады. Қытайға халық-азаттық армиясы таяп келеді. Сабыр Құралаймен қоштасады. Ли-Синьмен бірге халық-азаттық әскерінің қатарына кетеді.

Екінші сахна – түрме көрінісі. Бұл жерде Жәмилә отыр. Басынан өткеннің бәрінен әбден шаршаған ол ұйқыға кетті. Жәмиләға

өз ауылы көрінеді. Түрмедегі анасын көру үшін Құралай қарауылға ақша беріп, амалын тауып кіреді. Құралайдан кейін сарбаздар, Фундзе, генерал Жәмиләға жолығады. Бұл жерде сот пен баскесер де бар. Сот Жәмиләны өлім жазасына кеседі. Жаза бойынша ол у ішуі керек. Баскесер оның алдына уы бар кесені қояды. Құралай анасының жанын сақтауды жалбарынып сұрайды. Бірақ бәрі бекер. Міне, удың соңғы тамшысы ішіліп бітті. Өлім аузында жатқан Жәмилә қызымен қоштасады да, әкесінің сыйлаған сақинасын өзінен естелік ретінде Құралайдың қолына тағады.

Төртінші көрініс – көрермендердің алдында «Жоңғар қақпалары» көрсетілген. Бұл жерде бәрі өзгерген. Екі үлкен ірі мемлекеттер Қытай мен КСРО-ны қысқа жол қатынасын жасауға мүмкіншілік беретін рельстің соңғы күшейтпелі жұмысы жүріп жатыр. Бұл жерде екі үздік құрылыс бригадасы жарысып жатыр: Кеңес жағынан Жайнақ Сарбасов және қытай жағынан Ли-Синь. Ли-Синнің бригадасында Құралай еңбек етеді. Әкесімен баласы бір бірін білмей жарысып жатыр. Халық қуанышты көңіл күйде. Жастар аңдаусыз би билеуде. Бұл жерде орыстың кадрили, қытайдың, қазақтың, ұйғырдың биі орындалып жатыр. Құралайдың биіне тәнті болған Жайнақ тамаша орындауына алғысын білдіруге жақындайды. Бойжеткен еленбейтін тұстарымен оған Жәмиләні есіне түсіреді. Жайнақ Құралаймен қол алысады. Сол кезде, кенеттен Құралайдың қолынан әйеліне сыйлаған сақинасын байқап қалады. Сол сәтте, өткен кездер еске түседі. Ал енді міне, Құралай осы бір шақта қызын тапқан әкесінің ыстық құшағында. Құралай әкесін Сабырмен таныстырады. Жайнақ екі жасты қосып, ақ батасын береді. Қытайдың да, кеңес жағынан да бір-біріне қарама-қарсы тепловоз жылжиды. Екі халықтың салтанаты болып, екі жақын халықтың берік, мәңгі достығын баяндайтын балет осылай аяқталады [3, 90-93 бб.].

«Достық жолымен» балеті туралы жазбаша деректер жеткіліксіз болғандықтан, бұл балетті талдауда біз Л.Сарынованың еңбегіне жүгінеміз. Оның жазып кеткен тұжырымы бойынша: «Қойылымның бірінші актідегі екінші көрінісінің өзінде-ақ балетте іс жүзінде әсерлі би болмады. Алтынай мен Әлидің аздаған адажиосын қоспағанда, таза пантомима жүріп отырды. Екінші актіде де мимикалық көріністер көп қолданыс тапқан. Екінші актінің концерттік дивертисменті расында бүкіл спектакльдің ең жарқын бөлігі болды. «Махаббат күресі» атты ежелгі қытай биі, тірілген «мүсін» биі, көбелектерді бейнелейтін қызықты билер шеберлікпен қойылды. Осы дивертисменттің бір кемшілігі – би, қимылдары көріністерінің мазмұны балет драматургиясына мүлдем сәйкес келмеді. Екінші актінің үшінші көрінісі – түрмедегі көрініс. Бұл

жерде пантомимикалық мизансценалардың аясында Жәмиләнің орындауында – кейіпкердің образын ашатын вариациясы жүріп отырды. Үшінші акт эпилогты құрастырмай, бүкіл актінің негізгі ойы халықтар достығы болып табылатын үлкен дивертисмент ретінде шешілді», – деп көрсетті [4, 95 б.].

Балеттің либреттосы Р.Глиэрдің «Красный мак», Б. Асафьевтің «Пламя Парижа» секілді классикалық балеттердің драматургиясына ұқсас келіп, екінші және үшінші актілер хореографиялық қозғалыстардан гөрі пантомималық көріністерді құрастырды. Көріністер өлім, атыс-шабыстарға толы болды. Жәмиләнің жары Жайнақ өлім аузында қалды, Алтынай өлтірілді, Жәмилә уланды, эпизодтық персонаждарды айтпағанда, генерал да өлтірілді. Кейіпкерлер арасындағы шиеленіс өте дөрекі түрде суреттелді. Осы бөлімнің бір жақты сипаты, оның әрленуі, бейнелерде мазмұнның болмауы және балеттің басқа да компоненттерінен көрініс таппай қоймады.

Балет музыкасында бірыңғай стиль, нақты музыкалық композиция, кейіпкерлердің мінез-құлықтарын суреттеудегі анықтылық сезілмеді. Өзара аздап байланысатын жекелеген эпизодтар, табысты мелодиялық жаңалықтар күңгірт бояулы музыкадан көрінбей қалды. Балеттегі билер мен либретто өздігінен бөлімнен тысқары қалып қойды. Олар сирек, яғни тек тұрмыстық ойын-сауық ретімен ғана туындап тұрды. Аяқталған және көрнекті сюжеті бар бірінші бөлімнің бірінші көрінісі ең қызықты әрі табысты болды.

Балеттің сахналық безендірілуі бұлтсыз шуақ күнді суреттейтін қызылды-жасылды анық бояулардан тұратын декорациялардан құрастырылды. Костюмдердің түстері сахнаның әсем көріністерімен үйлесім тапты.

Спектакльдің хореографиясында қазақ би лексикасының колориті, дене пластикасының көркемділігі кездесіп, жалпы айтқанда ұлттық билердің нақышталуы байқалады. «Қасқыр мен қойлар» композициялары ерекше ойынмен, қызықты би тәсілдерімен айрықшаланып тұрды. Классикалық би мен ұлттық ойындар фольклоры керемет астасып, ерекше хореографиялық көріністерді құрастырды [4, 96 б.].

Декаданы қазақ хореографиясының есею емтиханы ретінде бағалай отырып, балет ұжымы үлкен жауапкершілікпен дайындалды. Шебер режиссер, талапшыл балетмейстер Р. Захаров қазақ балетінің деңгейін айтарлықтай көтерді. Ол көпшілік билер көрінісінде қатысушылардың санын арттырды, спектакльдің хореографиялық тілін байыта отырып, костюмдер мен декорацияларды жаңартты.

Бишілерден образбен ойланып жұмыс істеуді, би тазалығы мен еркіндігін, орындаудың белсенді мақамын талап ете отырып, Р. Захаров көп жұмыс істеді [4, 97 б.].

«Достық жолымен» балеті қазақ ұлттық хореография өнерін қалыптастыруда үлкен роль атқарғаны сөзсіз. Біріншіден, ұлттық балетке сюжет боларлық шығармалардың бар екеніне көз жеткізсе, екіншіден, кәсіби мектептің керектігін білдірді.

Әдебиеттер:

1. Ізім Т.О. Өркені өскен би өнері (отан және шетел хореографиясы тарихы): Оқу құралы. – Астана: Фолиант, 2009. – 136 б.
2. Айтқалиева Қ.Д. Балетмейстер Дәурен Әбіровтің шығармашылық мұрасы: өнертану ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясы. – Алматы, 2007. – 126 б.
3. Генералова И. Либретто оперных и балетных спектаклей композиторов Республики Казахстан. – Алматы, 1995. – 194 с.
4. Сарынова Л.П. Балетное искусство Казахстана. – Алматы: Наука, 1976. – 176 с.

References:

1. Izim T.O. *Orkeni osken bi oneri (otan zhane shetel horeografijasy tarihy): Oqu quraly.* – Astana: Foliant, **2009.** – 136 b. *(In Kazakh.)*
2. Aytqaliev Q.D. *Baletmeister Dauren Abirovtin shygarmashlyq murasy: onertanu gylymdaryнын kandidaty gylymi darezhesin alu ushin dajyndalghan dissertacijasy.* – Almaty, **2007.** – 126 b. *(In Kazakh.)*
3. Generalova I. *Libretto opernyh i baletnyh spektaklej kompozitorov Respubliki Kazahstan.* – Almaty, **1995.** – 194 s. *(In Russ.)*
4. Sarynova L.P. *Baletnoe iskusstvo Kazahstana.* – Almaty: Nauka, 1976. – 176 s. *(In Russ.)*

MUSIC ARTS

МРНТИ 18.41.51

Ә.Д. Балгамбарова¹

¹Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті
(Алматы, Қазақстан)

Ш.Б. Құлманова²

²Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті
(Алматы, Қазақстан)

XX ҒАСЫРДЫҢ 30-60 ЖЫЛДАРЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КӘСІБИ ХОР ОРЫНДАУ МЕКТЕБІНІҢ ДАМУЫ

Аннотация

Бұл мақалада соңғы XX ғасырдың 30-60 жылдары Қазақстандағы хор орындау мектебінің дамуы қарастырылған. Сондай-ақ хор өнерінің дамуына үлес қосқан атақты дирижерлердің еңбектері туралы да айтылған.

Қазақстандағы хор өнері қазақ халқының бірдауысты ән айту дәстүрінен көпдауысты болып қалыптасқандығы анық. Сонымен қатар, мақалада жас ұрпаққа эстетикалық тәрбие беруде хормен ән айтудың рөлі көрсетілген. Ол басқа өнер түрлерімен қатар, балалар және жасөспірімдермен жұмыста күрделі әлеуметтік-тәрбиелік міндеттерді шешуге әсер етеді.

Кілт сөздер: хор орындау мектебі, көпдауысты кәсіби хор өнері.

A.D. Balgambarova¹

¹Kazakh State Women's Teacher Training University
(Almaty, Kazakhstan)

Sh.B. Kulmanova²

²Kazakh State Women's Teacher Training University
(Almaty, Kazakhstan)

THE DEVELOPMENT OF THE PROFESSIONAL CHORAL SINGING SCHOOL IN KAZAKHSTAN IN THE 30-60 YEARS OF THE 20TH CENTURY

Annotation

This article discusses the development of a professional choral singing school in Kazakhstan in the 30-60s of the 20th century. In addition, the work of famous conductors who greatly contributed to the development of choral art is revealed.

This article shows the role of choral singing in the aesthetic education of the younger generation. Along with the other arts choral singing influences the solution of complex social and educational problems while working with children and adolescents.

Key words: professional choir singing school, professional choir art.

А.Д. Балгамбарова¹

*¹Казахский государственный женский педагогический университет
(Алматы, Казахстан)*

Ш.Б. Құлманова²

*²Казахский государственный женский педагогический университет
(Алматы, Казахстан)*

РАЗВИТИЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНО-ИСПОЛНИТЕЛЬСКОЙ ХОРОВОЙ ШКОЛЫ В КАЗАХСТАНЕ 30-60 ГГ. XX ВЕКА

Аннотация

В данной статье обсуждается развитие профессионально-исполнительской хоровой школы в Казахстане 30-60 гг. XX века. Также раскрывается творчество известных дирижеров, которые внесли свой вклад в развитие хорового искусства. В статье показана роль хорового пения в эстетическом воспитании молодого поколения. Хоровое пение наряду с другими видами искусства влияет на решение сложных социальных и образовательных проблем при работе с детьми и подростками.

***Ключевые слова:** профессионально-исполнительская хоровая школа, профессиональное хоровое искусство.*

Елбасы 2003 жылы сәуірде Қазақстан халқына жолдауында арнайы «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыруды тапсырған болатын. Елбасының жолдауымен қабылданған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы – қазіргі Қазақстанның әлемдік өркендеуінің дәлелі. Осы бағдарлама бойынша мәдени, рухани құндылықтарымызды түгендеу, жоғалғанымызды тауып, зерттелмеген зиялы ғалымдар, халыққа еңбек сіңірген өнер қайраткерлері туралы көптеген зерттеулер жүргізіліп, еліміздің рухани қоры жинақталып келе жатыр. Бірақ, әлі де зерттелмей қалған құнды деректер, материалдар бар екендігі мәлім. Соның ішінде музыка өнері мен музыкалық білім салаларында көп еңбек сіңірген, олардың шаңырағын биікке көтерген халыққа танымал кәсіпқой музыканттар, педагогтар баршылық [1].

Қазақстанда хор айту өнері профессионалдық жолға отызыншы жылдың бас кезінен бет бұрды. Республикада білікті оқытушы-музыканттарды даярлау кезек күттірмейтін мәселеге айналды. 1932 жылы Алматыда музыкалық-драмалық техникум ашылды. Алғашында оқушылардың үштен бірі ғана оқыды, негізі талантты қазақ жастары болды, олар үшін 2 жылдық дайындық бөлімі ашылды. Оның оқу жоспарына теориялық пәндер, фортепиано, хор класы кірді. Техникумның түлектері мәдениет қызметкерлері, көркемөнерпаздар үйірмесінің жетекшісі біліктілігін алып шықты. Нұсқаушы – оқытушы дайындау бөлімінің оқу барысында көптеген қиындықтар болды:

ноталар, оқу құралдары жетіспеді, материалдық база жұтаң болды. Техникумның жұмысын жақсарту үшін Ленинградтағы музыка институтының аспиранты А. Жұбанов шақырылды. Ол С. Кемалов екеуі басқара отырып, республикадағы музыкалық білімнің қалыптасуына зор еңбек сіңірді. 1933 жылы Алматы музыкалық училищесінің жанында хор өнеріне үйрету бөлімінің ашылуына Алматыда – радиостудияда З. Писоренко, А.М. Москоленко, Д. Мацуцинның, Семейде Л. Хамидидің ұйымдастырған коллективтері себеп болып, жас коллективтер бір-біріне өзара шығармашылық әсерін тигізеді. 1934 жылы Алматыда (қазіргі №3 Ә. Қашаубаев атындағы) және Оралда (қазір Д. Нұрпейісова атындағы) музыкалық мектептер ашылды.

1935 жылы республикадағы хор коллективтерінің ішінен ерекше көзге түскен Қарағанды радиокомитетінің әуесқойлары В. Пирогованың және Б. Орловтың басқаруымен Москва жұртшылығының алдына шығады. Бұл жас коллектив өз жұмысын нота үйренуден бастағандықтан профессионалдық жағынан тезірек өсті [2].

1935 жылы қазақтың Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік филармониясы ашылып, оның құрамына Құрманғазы атындағы халық аспаптар оркестрі мен Қазақ мемлекеттік хоры енді, хорға Д. Мацуцин жетекшілік жасады. Осы хордың негізінде 1937 жылы республика мемлекеттік хоры ұйымдастырылды.

Музыкалық техникумның хор дирижерлеу бөлімі 1938 жылы ашылды. Оның ең басты міндеті республика мектептеріне ән сабағы мұғалімдерін дайындау болды.

1938 жылы жаз мезгілінде Ташкент, Фрунзе қалаларында болды. Осы жолы грамофондық жазуларға Қазақ композиторлары хорға арнап өндеген қазақтың 25 халық әнін түсірді. Қазақ хор музыкасында 50-жылдары алға ілгерушілік байқалды. Профессионалдық хор музыкасының дамуымен шығармаларда жаңа гармоникалық көп дауыстар, халық күйлерінің ұлттық колориті сақталып, хор шығармаларында түрлі әдістер қолданылды.

Ұлы Отан соғысы жылдарында Мәскеу, Ленинград, Киев және Кеңестер Одағының басқа қалаларынан қоныс аударған көптеген музыкант-оқытушылар Қазақстанда жұмыс істеді. Бұл республикада жаңа музыка мектептері мен училищелерінің ашылуына жағдай туғызды. Сөйтіп, Ақтөбе, Қарағанды, Павлодар, Петропавл, Өскемен, Шымкент қалаларында музыка мектептері ашылды. 1955 жылы Оралда музыка училищесі ашылды.

Алматы қаласында 1936 жылы хор класы ашылды. Тікелей хор кәсіби қызметкерлерін дайындамаса да, алайда, қатысушыларды хор өнерін сүйеге тәрбиелеп, алғашқы музыкалық жоғары кәсіби

хормен ән орындайтын орталық болды. Осының бәрі, сайып келгенде, 1944 жылы 1 қазанда Алматы мемлекеттік консерваториясында хор дирижері кафедрасын ашу, республика үшін білім беру кадрлар дайындайтын оқу-жаттықтыру орталығын ашуға әкелді [3].

Хорды дирижерлеу кафедрасы құрылған сәттен бастап хормен ән айту Қазақстан тарихындағы жаңа кезеңді бастан кешті деп айтуға болады. Ол 1944 жылдан бастап қазақ хор өнері, вокалды-аспаптық туындыларының жетістіктері арқасында жоғары деңгейде қабілетті екендігін бүкіл әлемге дәлелдеді.

Ұлы Отан соғысы кезінде Қазақстанға Украина, Беларусь, Молдова елдерінен көптеген музыка қайраткерлері эвакуацияланды. (Сергей Эйзенштейн, Прокофьев, Уланова). Кеңес Одағының бауырлас халықтары Қазақстанға қуатты музыкалық және мәдени державалардың бірі болуға мүмкіндігінше тезірек көмектесті.

Музыка өнерінің көрнекті қайраткерінің құрамында Б.В.Лебедевтің орны ерекше. Ол хорды дирижерлеу бөлімінің негізін қалаушы, тамаша музыкант, хор дирижері, педагог, соғысқа дейінгі және соғыстан кейінгі жылдары Қазақстанда кәсіби хор өнерінің қалыптасуына үлкен үлес қосқан тұлға. 20 жыл кафедра меңгерушісі қызметінде жүріп, оқу барысын жолға қойып, арнаулы хор пәндерінің мазмұны мен көлемін айқындап берді. П.И.Чайковский атындағы Мәскеу консерваториясының хор дирижері кафедрасын А.В. Александровтың класынан бітірген ол, осы кафедраның оқытушыларымен тығыз қарым-қатынаста болып, оқу жоспарлары мен бағдарламаларын, оқыту әдістерін негізге ала отырып, Б.Лебедев кафедраның алғашқы педагогикалық құрамын қалыптастырды [4].

Қазақ халқының музыка өнеріндегі хор түрімен өлең айту үрдісі бұрыннан бар, ол екі сала – біртума қайнар көзі деп қарастырамыз.

Қазақстанда ұлттық музыкалық театрлардың ашылуы – республикада көпдауысты кәсіби хор өнерінің қалыптасуы мен дамуына жол ашты. Сөйтіп, Алматы радиостудиясында, Қарағандыда көрініс тапты. Ал, Алматы училищесінде хор бөлімі ашылды, ол хор өнерін ұйымдастырушы мен насихаттаушы кәсіби мамандарды оқытып шығарды.

Кәсіби жолға түскен хор тобы 1935 жылы құрылған Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік филармониясының құрамына енді, оның жетекшісі Д.Д. Мацуцин болды. Одан кейін Қазақстанның Халық әртісі Б.В. Лебедев басқарды. Осы хор тобының негізінде республикада 1937 жылы Қазақтың мемлекеттік хоры ұйымдасты. Ал, 1939 жылдың ақпан айында мемлекеттік хор – Қазақтың мемлекеттік хор капелласы болып қайта жасақталды.

Ең алғашқы ұйымдастырушы және көркемдік жетекшісі Борис Васильевич Лебедев болды. Қазақтың хор өнерінің қалыптасуы мен дамуына әртүрлі жылдарда Халық әртісі Л.А. Хамиди, Өнерге еңбегі сіңген қайраткер Б. Байқадамов, Еңбегі сіңген әртіс Г.Е. Виноградова, Халық әртісі Б.А. Орлов, Еңбегі сіңген әртіс В.С. Пироговалар еңбек етті.

Ұлы Отан соғысы жылдарында әуесқой үйірмелердің жұмысы жауынгерлерге рухани қару бола білді. 50-жылдардың соңында әсіресе өкімет тарапынан қабылданған құжаттарға байланысты халықтың әуесқой хор шығармашылығы нығая түсті. Бұл шығармашылықтың нығаюына әрдайым өткізіліп тұратын байқаулар, әуесқой үйірмелердің фестивалі (аудандық, қалалық, облыстық, аймақтық, республикалық) үлкен үлес қосты. 1958 жылы бүкіл Россиялық хор бірлестігін ұйымдастыру туралы шешім қабылданып, оның жұмысын басқаруға Социалистік Еңбек Ері, КССР Халық артисі, КССР-ның және РСФСР-дің Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, профессор А.В. Свешников тағайындалды.

Кейінірек осындай хор бірлестіктері одақтың басқа да республикаларында ұйымдастырылды. 50-жылдардың соңында, 60-жылдардың басында әуесқой хор үйірмелерінің орындаушылық сапасы, жасампаздық мүмкіндігі кәсіптенген профессионалдық хорлар дәрежесіне дейін көтеріле білді. Осылайша бірлестіктердің нәтижелі жұмыстарының арқасында әуесқой үйірмелердің (қазіргі кезде әуесқойлық деген атақ халықтық деп ауыстырылған) жұмысы салалы жүйеге түсіп халық алдындағы беделі арта түскен еді. 1964 жылы бүкіл одақ көлемінде мәдениет оқу орталықтары ашыла бастады. Осы оқу орталықтарының бірі болып 1967 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Шымкент қаласындағы педагогикалық мәдениет институты шаңырақ көтерді. Бұл институт ертедегі шығыс жұлдызы, философ Әл-Фараби атымен аталды. (Әл-Фарабидің толық аты Абу Насыр Мухаммед ибн Тархан ибн Ұзлаг Әл-Фараби ат Турки).

Институт жоғары білімді сан алуан мамандықтар саласындағы, әуесқой хор үйірмелерінің жетекшісі мамандығы бойынша әнші, күйші, жыршы, биші, кітапхана мамандарын даярлады. Қазіргі кезде Қазақстанның барлық өндіріс орталықтарында білім беретін мәдени-ағарту оқу орталықтары ашылып, оларда әуесқой үйірмелерге жетекшілік ететін мамандар даярлануда. Мұның өзі Қазақстандағы халықтық өнер саласының ғылыми тұрғыдан одан әрі өркендеп өсуіне үлкен ықпалын тигізуде.

Қазақстандағы хор мәдениетінің даму үстінде екендігін және оның еңбек адамдарына беретін тәжірибелік-эстетикалық мәнінің зор екендігін дәлелдеудің қажеті жоқ. Әйтседе, Қазақстандағы хор

мәдениетінің одан әрі өрлеп дамуы үшін прогрессивтік музыка қайраткерлерінің мол тәжірибесін, олардың туындылық еңбектерін кеңінен пайдалана білуі керек.

Әуесқой хор мәдениетінің айрықша ерекшеліктерінің бірі, оның көпшілікті біріктіріп жоғары орындаушылыққа жетелеуі мен кең көлемде халықтың эстетикалық, талғампаздық мәдениетін көтеруде болып табылады.

Әуесқой және кәсіптік профессионал хор ұжымдарының бірлесіп ірі-ірі хор шығармаларын орындаушылығы соңғы жылдары салтқа айналып келеді (әсіресе канта-та, оратория т.б.). Орындаушылық дәрежесі жоғары дамыған әуесқой хор үйірмелерінің репертуарына сүйене отырып көптеген оқулық, оқу құралдары баспа бетінен орын алып, осы оқулықтардың арқасында, көптеген хор үйірмелері алыс және жақын шет елдерге гастрольге шығады. Көптеген әуесқой хор үйірмелері нәтижелі концерттік шығармашылықпен шұғылдануда.

Сонымен қатар, көлемі жағынан шағын хор үйірмелерінің хор мүшелеріне берер әлеуметтік, эстетикалық тәрбиесі өте мағыналы екендігі баршаға белгілі. Шағын әуесқой хор үйірмелерінің тиімді жұмыстарының бірі, клуб кештерінде, еңбек адамдарының бос уақытты дұрыс пайдалану жиындарында концерт беріп, ол жиындарға көтеріңкі, салтанатты сипат беруінде болып табылады. Әуесқой хор үйірмелерінің ерекше ескертетін жұмыстарының бірі, ол осы үйірмеге қатынасушыларды саз тыңдаудағы талғампаздыққа, көп салалы саз әлемінің құнды туындыларын бағалай білуге жетелеуінде. Хор үйірмелерінің орасан зор еңбегі жастар мен жасөспірімдер арасындағы дәйекті тәрбие беру жұмысында болып табылады. Жастар мен жасөспірімдері жан-жақты дамыған, эстетикалық талғамы жоғары қоғам мүшесі етіп тәрбиелеуде әуесқой хор үйірмелерінің еңбегі де ұшан-теңіз. Қарапайым әуесқой үйірмелерінің жұмысы байқаулар, конкурстар, фестивальдерде сынға түсіп, жұмыс қабілеттілігі, орындаушылық сапасы бағаланады. Әйтсе де, көптеген жағдайларда олардың күнделікті көзге көп түсе бермейтін шығармашылық еңбегі, еңбек адамдарын мәдениетке әсіресе, хор мәдениетіне жетелеушілігі бұл байқауларда назардан тыс қалып отыр.

Әуесқойлық жұмыс сапасын бағалауда концертке, байқауға, фестивальге дайындық, ұйымдастырушылық жұмыстары, эстетикалық талғампаздықтың қалыптасуы, еңбек адамдарының бос уақытты тиімді пайдаланудағы әрекетіне тигізер орасан зор еңбегі есепке алынғаны жөн болар еді. Әуесқой хор үйірмелерінің орындаушылық, шығармашылық дәрежесінің дамуы көптеген ішкі және сыртқы себептерге байланысты болады: – хор мүшелерінің сапалық құрамы, хор жетекшісінің мамандық дәрежесі, хорға

қажетті қаражат, киім-кешек жетістіктері, әсіресе жоғары орындағы басшылардың хор өнеріне деген зор ынталылығы қажет.

Әуесқойлық хор үйірмелері бір-бірінен әлеуметтік – демографиялық, жыныстық, жас құрамының үлкен-кішілігіне, жанрлық ерекшеліктеріне т.б. себептерге байланысты аталады, мысалы: оқушылар хоры, оқытушылар хоры, жеңіл өнеркәсіп өндірісі ұжымының хоры, селолық, аудандық, қалалық хор (тұрақты мекен-жайы аталады). Колхоздық, совхоздық жоғары немесе орта дәрежелі білім беретін оқу орталықтарының хоры (мекеме аттары аталады), мәдениет үйі немесе мәдениет сарайы (хор үйірмесінің тұрақты бірлескен орыны аталады), орыс халық хоры, қазақ халық хоры т.б. (ұлт атаулары хор мүшелерінің ұлттық құрамын көрсетеді), халықтық академиялық хор (орындаушылық сипаты аталады), шағын камералық хор, үлкен хор, (үйірмеге қатынасушылар саны ескертіледі), ерлер, әйелдер, аралас хор (хор мүшелерінің жыныстық құрамын анықтайды) т.б.

Әдетте хор жетекшісі мен хор мүшелерінің өз үйірмелерінің атын шығармашылық бағытына қарай атайды. Қазіргі кезде саздық шығармашылық саласында эстрада өнері кең қанат жайып келеді және ол хор өнерінің дамуына айрықша ықпалын тигізуде. Бұл ықпал хор мазмұны мен орындаушылық бағытынан айқын көрінуде. Соңғы жылдары әуесқой әншілер саздық шығармашылыққа, ансамбльдік орындаушылыққа көп көңіл бөлуде, мұның өзі көптеген фольклорлық, вокальды аспаптық ансамбльдердің (ВИА, ВАА) ұйымдасуын туындатып отыр. Музыка өнерінде эстрада саласы жастарды ерекше еліктіргенімен, хор өнерін назардан тыс қалдыруға болмайды.

Хор өнері әрқашанда өзінің мағынасы, әлеуметтік-эстетикалық әсері жағынан эстрада жанрынан анағұрлым биік тұратындығын ескерген жөн. Соңғы жылдары әуесқойлық өнерде, халықтық мағынасына орай құрамында 30-50 адамы бар үйірмелер тобы көптеп саналуда. Қайсы бір жағдайларда фольклорлық музыкалық үйірмелер әуесқой хор үйірмелеріне айналып кетуде. Егер де халықтық хор құрамына, хордан басқа, бишілер, музыкалық аспаптарда орындаушылар тобы енетін болса, ол үйірмелер тек сырт көрінісі жағынан халықтық ән-би ансамбльдерінде ұқсастық тапқанымен өзінің біртұтас құрамына, концерттік бағдарламасына қарай басқа саз саласындағы үйірмелерден ерекшеленіп тұрады.

Әуесқой хор үйірмелерінің құрамына халықтың барлық әлеуметтік топтарының өкілдері: жұмысшылар, ауыл еңбеккерлері, оқушылар, оқытушылар т.б. топтары енеді. 80-90-жылдар аралығы әуесқой үйірмелердің дамып, нығаюына көптеген мүмкіндіктер беріп, олардың сапалы өркендеуіне, қатарының көбеюіне жағдайлар жасалып

келді. Бұл күндері әуесқойлық хор жетекшісі, жалпы мәдениеті дамыған сауатты да саналы азаматтармен жұмыс істейді, сондықтан ол тек қана оқытушы-педагог емес, сонымен қатар ұйымдастырушы, жоғары дәрежелі мамандығы бар мәдениет қайраткері болуға тиісті. Осындай сауатты азаматтармен жұмыс жүргізу хор жетекшісінің мол тәжірибелілігін, жұмыс саласының сан түрлі әдістерін менгерген, хор мүшелерінің талғам-талаптарын толығынан аңғарып, үйірме жұмысына дұрыс бағыт бере білетін маман болуын талап етеді.

Республикамызда аталған профессионал коллективтермен қатар жүздеген көркемөнер хор үйірмелері бар. Бұл хор өнерінің халық арасында кең тарап, бұқаралық сипат алуының айғағы «Социализм еңбекшілер бұқарасына рухани байлықтарға кең есік ашып қана қойған жоқ, сонымен қатар оларды мәдениетті тікелей жасаушылар етті. Мұның ең жарқын дәлелдерінің бірі – халықтың көркем өнерінің ғажайып қанат жаюы болып отыр [5].

Кеңестік тұрмыс тудырған тамаша дәстүрлердің бірі – ән мерекелері. Ол белгілі бір саяси қоғамдық оқиғалар мен мерекелерде өткізіледі де, жалпы хор өнерінің дамуына күшті ықпал етеді. Өйткені ән мерекелеріне дайындық кезінде бұрынғы хор коллективтерінің жұмысы ерекше жанданады, сонымен қатар көптеген жаңа коллективтер пайда болады. Сөйтіп, ол бұқара арасында хор өнерін уағыздауға жағдай жасайды.

Үкіметіміз бен партиямыз 30-60 жылдары елімізде хор өнерін дамыту мәселесіне аса үлкен мән беріп, оған совет азаматтарының жалпы музыкалық мәдениетін көтеретін, эстетикалық жалпы білім берудің басты құралы ретінде қарайды. Ол хор өнерін дамытуға үнемі қамқорлық жасап, оның жұмысын жолға қою мақсатында бірнеше қаулы қабылдады.

Бұл маңызды мәселе комсомол және кәсіподақ ұйымдары тарапынан да үлкен қолдау тауып отырды. Бұған Бүкілодақтық лениншіл коммунистік жастар Одағы Орталық комитеті пленумдарында қабылдаған көркем өнерпаздардың хор үйірмелерін көбейтіп, жастар арасында хор мәдениетін уағыздау туралы қабылдаған қарарлары дәлел.

Міне, осындай үлкен өндіріске бетбұрыс жасаған кезде хор үйірмелерінің жетекшілеріне де көп міндет жүктеледі. Олар өз коллективтерінің шеберлігін шындап, орындаушылық өнердің биік тұғырына көтерілуі тиіс. Бұл ретте басты көңіл бөлетін мәселе – ол хор текстің дұрыс орындап, тыңдаушыға нақтылы ойды, мазмұнды, идеяны жеткізе білу. Сөйтіп, оның шынайы рухани азық алуына көмектесу.

Соңғы жылдары мерзімді баспасөз беттерінде, радио және теледидардан беріліп жүрген музыкалық хабарларда ән текстологиясы туралы мәселелер біраз қозғалып жүр. Оған әрине, ғасырлар бойы қалыптасқан халық тілінің өзіндік ерекшеліктеріне кейбір жеке орындаушылармен хор коллективтерінің жете мән бермеуі басты себеп болғаны сөзсіз. Кейде айтылу заңдылықтары сақталмағандықтан сөз бұрмаланатынын, соның нәтижесінде мазмұнға нұқсан келетінін тіл ғалымдары, ақын-жазушылар мен өнер сыншылары, жалпы өнер сүйген жұртшылық жиі сөз ете бастады.

Соңғы жүзжылдықта Қазақстандағы хор өнеріндегі қазақ халқының бірдауысты ән айту дәстүрі көпдауысты болып қалыптасты.

Жас ұрпаққа эстетикалық тәрбие беруде хормен ән айтудың рөлі зор. Ол басқа өнер түрлерімен қатар, балалар және жасөспірімдермен жұмыста күрделі әлеуметтік-тәрбиелік міндеттерді шешуге әсер етеді.

Демократиялық өнер түрі ретінде Қазақстандағы хор өнері кәсіби және көркемөнерпаздық бағытта дами беруі қажет. Оның даму деңгейі хор дирижерлеу білім жүйесінің жетілуіне, яғни орта және жоғары оқу орындарында хор ұжымдары жетекшілерін дайындау сапасына байланысты.

Қазақстандағы хор өнерінің ұзақ жолын үш кезеңге бөлуге болады:

- XX ғасырдың 30-40 жж. – қазақ халық әндерінің хорға арнап өндеуі басым болды.
- XX ғасырдың 50-60 жж. – хор музыкасының жанрлар көлемінің ұлғаю кезеңі: бірегей хор шығармалары пайда болды, хор поэмасы, хор сюита жанрлары белсенді дами бастады.
- XX ғасырдың 70-80 жж. – кантата – ораториялық, хор әндері, хор миниатюралары жанрларының даму кезеңі.

Әдебиеттер:

1. «Мәдени мұра» ҚР Мемлекеттік бағдарламасы. – Алматы, 2003.
2. Жумабеков Ж.И. Кафедра хорового дирижирования Казахской Национальной консерватории имени Курмангазы. – Алматы, 2004. – 46 с.
3. Айдарбекова Л.А. Очерки по истории хорового исполнительства Казахстана. – Алматы, 2015. – 134 с.
4. Момынұлы П. Қазақ музыкасының қысқаша тарихы II. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2002. – 7 б.
5. Соколов В.Г. Хормен жұмыс істеу. – Алматы, 1963. – 84 б.
6. Әбуова К. Хор жүргізу – Алматы: Республикалық баспа кабинеті, 1993. – 45 б.
7. Арикайнен Г. Хоровое пение в Казахстане. – Алма-Ата: Издательство «Казахстан», 1965. – 64 б.

8. Айдарбекова Л., Абишев А. Хор пәндерін оқыту әдістемесі. – Алматы: Елтаным баспасы, 2012. – 8 б.
9. Чеснаков П.Г. Хор и управление им. – Москва: Музыка, 1952. – 74 б.
10. Искусство хорового пения. – Москва: Госмуздат, 1963. – 44 б.

References:

1. «Madeni mura» QR Memlekettik bagdarlamasy. – Almaty, **2003**. (In Kazakh.)
2. Zhumabekov Zh.I. Kafedra horovogo dirizhirovaniya Kazahskoj Nacional'noj konservatorii imeni Kurmangazy. – Almaty, **2004**. – 46 s. (In Russ.)
3. Ajdarbekova L.A. Ocherki po istorii horovogo ispolnitel'stva Kazahstana. – Almaty, **2015**. – 134 s. (In Russ.)
4. Momynuly P. Qazaq muzykasynyn qysqasha tarihy II. – Almaty: QAZaqparat, **2002**. – 7 b. (In Kazakh.)
5. Sokolov V.G. Hormen zhumys isteу. – Almaty, **1963**. – 84 b. (In Kazakh.)
6. Abuova K. Hor zhurgizu. – Almaty: Respublialyq baspa kabinetі, **1993**. – 45 b. (In Kazakh.)
7. Arikajnen G. Horovoe penie v Kazahstane. – Alma-Ata: Izdatel'stvo «Kazahstan», **1965**. – 64 b. (In Russ.)
8. Ajdarbekova L., Abishev A. Hor panderin oqytu adistemesi. – Almaty: Eltanym baspasy, **2012**. – 8 b. (In Kazakh.)
9. Chesnakov P.G. Hor i upravlenie im. – Moskva: Muzyka, **1952**. – 74 b. (In Russ.)
10. Iskusstvo horovogo penija. – Moskva: Gosmuzdat, **1963**. – 44 b. (In Russ.)

МРНТИ 18.41.01

А.Е. Нурпеисова¹

*¹Казахская национальная академия хореографии
(Астана, Казахстан)*

ФОРТЕПИАННЫЙ АНСАМБЛЬ КАК РАЗВИВАЮЩИЙ ЖАНР В РАБОТЕ С УЧАЩИМИСЯ ХОРЕОГРАФИЧЕСКОГО ОТДЕЛЕНИЯ

Аннотация

В статье рассматриваются основные задачи в работе над ансамблевым исполнением, перечислены основные методы работы, а также затрагиваются вопросы репертуарного выбора в аспекте обучения учащихся хореографических училищ.

Ключевые слова: фортепиано, хореография, музыка, концертмейстер

А.Е. Нурпеисова¹

*¹Қазақ ұлттық хореография академиясы
(Астана, Қазақстан)*

ХОРЕОГРАФИЯ МАМАНДЫҒЫ БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫН ОҚЫТУДА ДАМЫП КЕЛЕ ЖАТҚАН ФОРТЕПИАНДЫҚ АНСАМБЛЬ ЖАНРЫ

Аннотация

Мақалада ансамбльдегі орындаушылықты жүзеге асырудағы негізгі міндеттер қарастырылып, жұмыс жүргізудің негізгі әдіс-тәсілдері санамалана аталады, сондай-ақ хореография училищесі білім алушыларын оқытуда репертуарды таңдау мәселелері де сөз болады.

Кілт сөздер: фортепиано, хореография, музыка, концертмейстер.

А.Е. Nurpeisova¹

*¹Kazakh National Academy of Choreography
(Astana, Kazakhstan)*

THE PIANO ENSEMBLE AS A DEVELOPING GENRE IN WORK WITH STUDENTS OF THE DEPARTMENT OF CHOREOGRAPHY

Annotation

The article discusses about the main tasks in the work on ensemble performance, the main methods of its work, as well as questions of repertoire choice in the aspect of teaching students of choreographic schools.

Key words: piano, choreography, music, accompanist.

Музыкально-эстетическое воспитание учащихся хореографических отделений – важнейшая составляющая в подготовке будущих танцоров. В балете очень важно знать специфику смежных искусств, таких, как живопись и музыка. «Хореография балета, его живая сценическая плоть накрепко связана с музыкой, художественным оформлением, и связи эти многообразны. Роль музыки особенно значима, ибо она организует балетные движения во времени» [1, с.11]. Знаменитый реформатор хореографического искусства Ж.Ж. Новерр сказал: «Балетмейстер, совершенно не знающий музыки, будет плохо фразировать мотивы, он не уловит их духа и характера; он не сможет согласовать движения танца с движениями ритма, с тонкостью и точностью слуха, безусловно необходимыми» [2, с.102].

Будущему хореографу, балетмейстеру необходимо не только уметь слушать музыку и проникаться ее содержанием, но и любить ее, понимать, чувствовать.

В поисках связи фортепиано с хореографией хочется отметить, что это универсальный инструмент. На фортепиано прекрасно звучит любая музыка – и оркестровая, и камерная. На этом инструменте можно иллюстрировать музыку для уроков классического танца, народного, историко-бытового, играть клавиры балетов. И все это будет звучать достойно при хорошем исполнении. Поэтому «Фортепиано» – это важная учебная дисциплина, которая помогает полноценно развить учащегося для будущего его воплощения в работе как профессионала.

Игра в ансамбле является наиболее актуальной в музыкальном развитии учащихся. В классе фортепиано в хореографических школах и училищах на протяжении всего курса учащиеся знакомятся с разными категориями произведений. Это этюды, пьесы, полифонические произведения и произведения крупной формы. Отдельную категорию занимает и жанр фортепианного ансамбля. В классе специального фортепиано фортепианный ансамбль проходит как специальная учебная дисциплина.

Жанр фортепианного ансамбля – один из самых важных жанров, который помогает учащимся развить многие музыкальные качества. Это интонационный и гармонический слух, метроритм, динамические нюансы, координационные задачи, культура звукоизвлечения, музыкальная память, тембровое слышание, чтение с листа, а также музыкальный кругозор. Игра в ансамбле вырабатывает такие важные качества, как взаимопонимание, взаимответственность.

«Ансамбль» в переводе с французского языка означает «вместе, сразу». Возникновение этого жанра связано с моментами дружеского общения или семейного музицирования. Зародился этот жанр в XVIII веке, а сейчас переживает необычайный взрыв популярности во

всем мире. Музыка для фортепианных ансамблей писали почти все композиторы: от Баха до современных композиторов.

Для учащихся начального обучения ансамблевое музицирование открывает те границы, которые в сольном исполнении ему сложно изобразить. Также ансамблевое исполнение решает некоторые репертуарные проблемы. Через эту дуэтную форму учащиеся с малой технической подготовкой и возможностями могут знакомиться с оркестровой, оперной, вокальной, балетной и фортепианной литературой. Например, произведение П.И. Чайковского «Сладкая греза» из Детского альбома:



Рис. 1. П.И. Чайковский «Сладкая греза»
из цикла «Детский альбом»

Или, например, в более старших классах на уроке историко-бытового танца проходят «Менуэт» В.А. Моцарта из оперы «Дон Жуан». Это произведение существует и в переложении для фортепианного ансамбля. Его могут исполнить два ученика. Очень интересно будет учащимся исполнять произведение, которое они еще и танцуют. Исполнение этого произведения знакомит и со стилевым направлением в истории мировой культуры.

Менуэт из оперы "Дон-Жуан"

В.А.Моцарт

Secondo

Менуэт из оперы "Дон-Жуан"

В.А.Моцарт

Primo

Рис. 2. В.А. Моцарт Менуэт из оперы «Дон Жуан»

Репертуар для ансамблевого музицирования очень интересный, обогащающий музыкальный багаж учащихся. Это переложения романсов, отрывки из опер, балетов, симфоний. Материалом для ансамбля могут быть отрывки из музыки к кино и мультфильмам, ТВ передачам. Педагогу необходимо продумывать репертуар по принципу «от простого к сложному», индивидуально подходить к каждому учащемуся при выборе произведения, учитывая его возрастные особенности, личностно-психологические качества. Для учащихся хореографического отделения выбор репертуара может больше склоняться к балетной музыке, но для расширения их музыкального кругозора можно выбирать и другие сочинения, связанные со стилистическим и художественным развитием. Примерные произведения из ансамблевого репертуара: И.С. Бах «Шутка» из сюиты си-минор, М. Глинка «Марш» из оперы «Руслан и Людмила», «Три отрывка» из симфонической сказки «Петя и волк», «Русские народные песни» в обработке П. Чайковского, С. Рахманинов «Итальянская полька» и т. д. Существует довольно большое количество переложений балетной музыки для ансамблевого музицирования. Например, С. Прокофьев «Монтеки и Капулетти»

из балета «Ромео и Джульетта», П.И. Чайковский «Вальс» из балета «Спящая красавица», «Вальс цветов» из балета «Щелкунчик» и т.д.



деп келетін жолдардағы бас қозғалыстың – құдай-сөз-жан-мән болатындығына көз жетіп тұр. Ендеше, Алладан келген төрт кітаптың бірі – Інжілдің Иоанн жазған Ізгі Хабар мәтінін оқып көрелік: «Әуел баста Сөз болған, Сөз Құдаймен бірге болған, Сөз Құдай болған» [6, 249 б.].

Сөз бен құдай бірлігі жайында өз заманында зерттеу жүргізген ғалымдардың бірі – Исаак Ньютон. Алайда, Шәкәрім бабамыз «Үш анық» еңбегінде Ньютонның әлем туралы дүниетанымына тоқталып: «...Соңғы кезде Европаның Гасенди, Декарт, Ньютон, Линней сияқты ойшылдары бұрынғы Эпикур, Демокриттерден қалған жаратушы ие жоқ дегенді қайта жаңғыртып, Европа арасына сол ойдың жайылуына себеп болды. Және атомдар бірін-бірі тартып қосылуына бір күшті дәлел табылды», – [7, 9 б.] деуменен оның ғаламның негізін механистік қозғалыс тұрғысынан түсіндіруіне қарап, «құдайсыздар» қатарына қосса, сол сияқты Гете де И.Ньютонның дүниеге механистік көзқарасын сынға алған. Мысалы: «Табиғатты механистік тұрғыдан түсіндіруді жақтаушы Ньютон мен Гете өмір бойы айтысқа түскен. Гетенің пікірі бойынша, дүниені механистік қозғалыс тұрғысынан

түсіндіруді жақтаушылар мұндай түсініктің көмегімен «өмірдің шынайы мінездемесіне ешқашан жете алмайды», – деп философиялық энциклопедияда да келтірілген [8, 310 б.].

Шәкәрім адам сөзінің алғашқыдағы періштелік пәктігін, құдайлық құдіретін өлеңмен жеткізе отырып, сөздің қасиетін қайтарудың ұлағатын былай уағыздайды:

Ішіп алып мас болып,
Мал, мақтанға қас болып.
Нәрестедей жас болып,
Қайта жарал, қайта ту.
Арақ ішіп құтырсаң,
Бар киімді сыпырсаң
Дүниеден мұтылсаң, -

Жолға түстің түп-түзу [1, 236 б.].

Яғни, сөзге құдірет бітіру Шәкәрім өлеңінде ақынның шығармашылық ерік-қуаты, тазалық өлшемімен бір құбылыс екенін дәлелдеу үшін ұлы Абайға жүгінуден артық шешім жоқ:

Жүректің көзі ашылса,
Хақтықтың түсер сәулесі
Іштегі кірді қашырса

Адамның хикмет кеудесі [9, 130 б.].

Соңғы жолдағы хикмет сөзі Ахмет Яссауидің өмірі мен шығармашылығы жайында жазылған Б. Сағындықовтың «Әз машайық» атты мақаласында берген түсініктемелеріне сүйенер болсақ, «парасат», «данышпандық» дегеннен гөрі әулиелер мен машайықтар ғана көрсете алатын керемет деген ұғымға сәйкес: «Алла тағала ғажап істерді адамдардың қатынасынсыз тікелей өзі көрсетсе, «хикмет», «құдірет» делінеді. Қарапайым тілге аударсақ, керемет – машайықтар мен әулиелердің ісі, мұғжиза-пайғамбарлардың ісі, құдірет пен хикмет – құдайдың ісі болып шығады» [10, 11 б.].

Шәкәрімнің Сөзі өзі туралы:

Қанжармен ішің тілемін,
Бар сырынды білемін
Мазактаймын, күлемін
Деме сиқыр, неткен қу.
Өлсең, сөзбен тұрғызам,
Еріксіз мойын бұрғызам.
Айтқанымды қылғызам,
Жүрегіңе төгіп у.
Сиқырыммен жүгіртем,
Жар бетіне үңілтем.
Дүниеден түңілтем,

Кереметті мен жаду [1, 236-237 бб.].

Осындағы «Өлсең сөзбен тұрғызам» немесе «Кереметті мен жаду» сынды жолдар арқылы Сөз ақын болып сөйлеп, әрі қарай ақын мен Сөздің ара жігі білінбей, тұтасқан лирикалық көркем бейнеге айналған. Бұл жерде әлбетте басты рөлді поэзияның пайғамбарлық миссиясы атқарып тұрғанын өлеңнің соңғы шумақтары растай түседі:

Ешкімге зиян тигізбей,
Кәріптің көңілін күйгізбей,
Сайтанға бетті сүйгізбей,
Жүрегінді нұрмен жу.
Мақтанды алма ойыңа
Кек сақтама бойыңа.
Барма дүние тойына,
Ойнаса да уда-шу.
Егер мұны қылмасаң,
Айтқаныма тұрмасаң,
Өз нәпсіңді бұлдасаң,

Саған арам сөз ұғу [1, 237 б.].

Гете Сөз құдіреті жайлы өзінің «Ақын кітабы» өлеңдер топтамасын жазған. «Ақын кітабы» жинағының екінші бір атауы неміс оқырманына бейтаныс – «Мұғаннинаме». Хафизде Пірмұған сөзі тариқат жолындағы рухани ұстазды білдірген. Осы кітапқа енген «Өлең және мүсіндеу» өлеңінде Гете «таза қолды» кемеліне жеткен әулиелік ақын тіліне магиялық күш бітіреді деп сенеді:

Салқын тапса жүрегіміз бір сәтке,
Өлең шіркін кеудемізде тулайды.
Ақын қолы таза болса әдетте,

Су тұрмайды, алақанда құрғайды [11, 207 б.].

Л.М. Кессель осы жолдардың дүниеге келуіне негіз болған үнді аңызын 1783 жылы Зоннераттың «Үнді мен Қытай еліне саяхат» атты еңбегінен оқығанын келтіреді. Аңызда үнділік әйел құдай Мариаталенің табиғат күштерін билеген кереметі болады. Бір күні Мариатале әдеттегідей көлден су алып, оны қолымен шар тәріздес қатты денеге айналдырып үйіне қайтуға тұра бергенде, көлдің бетінен періштедей сұлу бейнелерді көріп жүрегіне құмарлық оты түседі. Сол сәтте-ақ қолындағы су қайта еріп көлге ағып кетеді. Содан бері ол суды құмырасыз ала алмайтын болыпты [12, 51 б.].

Гете «Хафиз кітабында»:
Как невесту, Слово ждет
Дух – его жених [13, 624 б.], –

деп Сөзге анықтама берсе, «Ұжмақ кітабына» енген «Биіктік және ең жоғарғы Биіктік» өлеңінде құдайлық ұлы Сөзбен Ақын бейнесі біте қайнасқан болмысты білдіреді:

Весь проникнут словом божьим,
Вечным словом животворным [13, 702 б.].

Жалпы, Гетеге Сөздің биік мағынасын Шығыстан іздеу оның «Батыс-Шығыс диуанына» енген топтамаларында Шығыс шайырларына бас ие отырып, арнау түрінде жазылған өлеңдерінен көрінеді. «Хижра» өлеңінде:

Пендесі хақпен тілдескен,
Сұхбатпен сұлу күн кешкен,
Азат боп елі шер, дықтан,
Тәңірінің нұрын жерде ұққан,
Сөзін ұқ сонда нәбидің,

Қалпына түсіп сәбидің, – [11, 189 б.]

деп жырлайды. Гете өз рухани даму барысында Шығыстың өзіндік Сөз культы болғанын, Шығыс поэтикасының негізінде Сөзге ерекше қатынас болғанын байқайды. И. Брагинский: «Гете диуанындағы батыс-шығыс синтезі және парсы тіліндегі поэзия» атты еңбегінде Сөзге бас иію дәстүрінің тамырын тереңнен – ирандық «Авестадан» бастау алатынын айтады. (Мысалы, «Мантра спента» – «қасиетті сөз». Авестада) Яғни, гректердің Логос туралы ілімі де, одан Иоанның Ізгі Хабары бастауын парсылардан алған деген пікірді алға тартады. И. Брагинский сол еңбегінде Шығыс поэзиясында Сөз бен Істің тек бірлікте ғана түсінілуі тиіс екенін: «Шығыс ақыны үшін сөз, шынайы поэтикалық сөз адамдарға әсер етуіне байланысты әрекетпен біріккен істің өзі болған» [14, 4 б.], – деп айтады.

Еуропа әдебиеті Гетеге дейін және одан кейін де «шығыстық сарындарды», сюжеттер мен бейнелерді, кейіпкерлерді, көбінесе, сыртқы әшекейін кеңінен пайдалана білген. «Ориентализм», шығыстық экзотика әсіресе романтиктердің сүйікті көркемдік тәсілдеріне жатқаны белгілі. Бұны Гете де айналып өткен жоқ, алайда, ол өзіне тән ақындық ерекшелігімен екі бірдей – Шығыс және батыстық мәдениетті іштей тұтас бір органикалық дүниедей байланыстыра білді. В.А. Аветисян «Гете және әлемдік әдебиет мәселелері» еңбегінде XIX ғасырдың басындағы Еуропада академик В.В. Бартольдтың айтуынша «...еуропалық мағынасында айтқанда, Шығыс халықтарының ешқашан тарихы болған емес және олардың тарихы жоқ та деген пікірлер айтылған, сондықтан тарихты оқудың еуропалық тарихшылар ұсынған әдістемелері Шығысқа қолдануға келмейді», - деген пікірін еске ала отырып: «Батыс-Шығыс диуаны» дақыртты еуроцентризм теориясының беделін түсіруге

белсенді күш салған құжат болып табылады (дұрысырақ айтсақ: батысеуропоцентризм). Басында айтылғандай, Шығыс мәдениетін түсіндіруде Гете эстетикалық интернационализм позициясында тұрды, және, бұл жерде оның көзқарасы «Эстетика бойынша лекцияларында» Шығыс елдеріне жоғарыдан төмен қараған Гегель көзқарастарынан тиімді түрде өзгеше болды», – деп Гете поэзиясының әділ бағасын береді [15, 44 б.].

Гетенің басқа мәдениеттік элементтерді шығармашылық құштарлықпен сіңіріп, қажеттілігіне пайдалана білуі тек «Батыс-Шығыс диуанына» ғана қатысты емес. Мысалы, Гетенің Фаустты жоғарғы күштермен байланысы бар ерекше кейіпкер ретінде құстың да, аңның да тілін білетін Сүлеймен пайғамбар дұғаларын өзі істеріне пайдаланған. Бәрімізге белгілі Сүлеймен пайғамбар тек Інжілдің ғана емес, Құранның да кейіпкері. Фаусттың кереметі де сол – қасиетті кітаптардан алынған әр түрлі дұғалар, сөздерді оқу арқылы мәңгілікке, басқа уақыт шеңберіне өте білуінде. Антикалық әлем арқылы табысқан жары Еленамен болған диалогта Фауст трагедияның 2-бөлімі, 3-көріністе Сөзге ерекше түсінік беріп өтеді:

Фауст

Сөз жүректен шықсын қайнап бұлақтай

Көкіректе жансын ойың шырақтай.

Айналаға көз тастап...

Елена

Тұрам қалай құмартпай!

Фауст

Біздің рух есептемес уақытты

Демек...

Елена

Нағыз бақытты [2, 154 б.].

А. Аникст «Гетенің «Фаусты» атты зерттеу еңбегінде: «Фауст қазіргімен өмір сүреді, бірақ символикалық іс-әрекеттер арқылы басқа дәуірлерге де еніп кете алады. Және, ол ойларымен, рухани тәжірибесімен XVI ғасырдың адамы ғана емес екеніне оңай көз жеткізе аламыз. Сондықтан, Фаусттың тек бір тарихи кезеңге қатысы шартты. Ол барлық уақыттарда өмір сүреді және бүкіл ғалам оның іс-әрекеттерінің майдан даласы», – деп Гете кейіпкерінің ерекшелігіне мән береді [3, 69 б.]. Сөз туралы Елена мен Фаусттың арасында болған диалог арқылы Гете Фаусттың бойынан тірі Логосты көрсеткісі келгендей әсер қалдырады. Гете – символмен сөйлеуді сүйген ақын. Осы диалогтың М. Құрманов аударған нұсқасындағыдай, Б. Пастернак аударған нұсқасында да жолдары аздап ауысып кеткенімен, негізгі логикасы сақталып аударылған. Диалогта Фауст А. Аникст айтқандай,

Сөздің табиғатын уақытқа бағынбай, мәңгілікте өмір сүретін кейіпкер ретінде түсіндіреді. Әлемді пантеист, натурфилософ ретінде мәңгі тірі қозғалыстағы өмір деп түсінген Гете, сүйікті кейіпкерінің аузын дуалы еткені сонша, оның Сөзі бір мезетте мәңгіліктің өзегі – ой арқылы ғаламды көктей өтеді. Сондықтан сұлу Елена мәңгілікке қол созған адамның нағыз бақытты екенін мойындай бас иеді. Фаусттың жүрекке жылы тиген жағымды Сөзінің құпиясын қалай игеруге болатынын сүйгенінен сұрағанда, Фауст оны былай түсіндіреді:

Фауст

Он кроется в невольности порыва.
Мы ждем, в потребности обнять весь свет,
Того, кто тем же полон...

Елена

нам в ответ

Фауст

Тогда наш дух беспечностью велик.

Прекрасен только...

Елена

Настоящий миг

Фауст

Жизнь только им ценна и глубока.

Тому порукою?

Елена

Моя рука [13, 333 б.].

Гете кейіпкеріне бұл сөздерді бір күндігін ойлағандықтан айтқызып тұрған жоқ. Керісінше, Сөздің рухқа, мәңгілікке қатысын айқындаушы ретінде ауызына салып берген.

Бұл ой құдай, ой, қозғалысты бірлікте қарастырған христиан теологы Әулие Августин көзқарасына жақын келеді. Августин құдайда тек «бүгін» бар екенін, құдайдың «бүгіні» – мәңгілік деп түсіндіреді [16, 50-54]. Демек, Гетенің Фаустының өткені, қазіргісі, болашағы бар шартты уақытта өмір сүретін қарапайым пенделерге қарағанда айрықша жағдайы бар кейіпкер екенін танытады. Августиннің субъективті уақыт жайлы бұл көзқарасы кезінде Декарт, Кант сынды философтарға өз әсерін тигізген. Гетенің уақыт жайлы көзқарастары – оның ғалам мәңгіліктің ішінде өмір сүреді деген пайымдауларының нәтижесі. Сондықтан, әлемді қозғалыстағы мәңгілік деп түсіндіру кейінгі жылдары жазған кез-келген өлеңдерінен байқалады. Оның атақты «Өсиет» өлеңінде де мәңгіліктің қозғалысын мына жолдар айғақтайды:

Кто жил, в ничто не обратиться!
Повсюду вечность шевелится

Причастный бытию блажен [13, 736 б.]!

Әсіресе, екінші тармақтағы барлығы мәңгіліктің өзгерісі туралы ойы Фауст сөзін нақтылай түседі. Бұл туралы К.О. Конради: «Мәңгі болмысқа» және оның тұрақты бар екеніне сенімділікпен өмір сүретін адам үшін өткені, қазіргісі мен болашағының аса үлкен айырмашылығы жоқ. Гетенің қартайғандағы мистицизмінің белгісі осындай. Осындай «біруақыттылықты» сезінуі туралы ақынның өзі талай айтқан болатын», – деп жазады [17, 539 б.]. Мәңгілікті осылайша түсіну ғана Гетенің «Фауст» трагедиясында антика, ортағасыр және өз заманын біріктіруге мүмкіндік береді. Гете поэзиясының ұлықтығының белгісі де өткенмен, қазіргі және болашақта өмір сүре алатын көріпкелдігінде. Гете 1816 жылы 1 қыркүйекте Вильгельм фон Гумбольдқа әріптесінің Эсхил шығармаларын аударуы жайлы көзқарасын білдіргенде: «...Мұнда өткен мен қазіргі уақыт және болашақтың сәтті өрілгені соншалық, өзің де еріксіз көріпкелге айналасың, яғни, құдай тәріздес күй кешесің. Ал бұл сайып келгенде поэзияның салтанатты жеңісі», - деп жазады [17, 539 б.].

Қазақ ақыны Шәкәрімнің бүкіл әулиелік бітім-болмысы, оның жанының кристалдай тазалығы, періштедей үні, өз заманынан алға кеткен ерекше толымды білімі мәңгіліктік тұлғасын анық танытады. Ақын өзі туралы өлеңінде былай дейді:

Ғайыптан хабар білемін.

Жарымның алғам тілегін

Қап тауын нандай тілемін [1, 246 б.].

Мәңгілікке қол созған ақынды өз заманының аумалы-төкпелілігі, саясат та, мансап та алаңдатпады. Тек адамға екі дүниеде де керек анық ақиқат, шынайы ғылым іздеді.

XX ғасырдағы қазақ ақыны Шәкәрім Сөз, Ой, Істі бір деп ұққандықтан:

Сиқыр сөзбен арбасаң,

Табиғат басын иеді.

Кәрленіп кімді қарғасаң

Қатесіз оғың тиеді, –

деп жырлайды [1, 247 б.]. Сөздің ежелгі дәстүрлі қалпынан байланысын үзбеген Шәкәрім, оны тірі субстанция, ерекше құбылыс деп «Бәйшешек бақшасында» жазады: «Бет сұлулығы – тән сыйы ғой, дауыс пен сөз жан сыйы ғой, әрине, тән сыйынан жан сыйы артық екеніне дау жоқ, бірақ бет сұлулығын әркім-ақ таниды. Сөз бен ән сұлулығын танушы аз» [1, 485]. Сондай-ақ, Сөз – ажалсыз әскер, мәңгілікке өтудің, әлемді өзгертудің ең зиянсыз қаруы деп түсіндіреді:

Ойлаңыз, біздің ғаскер өле ме,

Қағазға бір басылып қалған соң.

Бұл мықты әскер емей немене,
 Жайылып талай орын алған соң.
 Қарумен қанша қатты ұрса да,
 Сөзіме жанның әлі келмейді.
 Бұл дүние шыр айналып тұрса да,
 Гаскерім қартаймайды, өлмейді [1, 112 б.].

немесе:

Мен жетелеп өлемін
 Өрге қарай қазақты,
 Өлсем де ойын бөлемін,
 Сөзбен салып азапты.
 Білімдінің сөзіндей,
 Сөзім демен таза-ақ-ты.
 Қазақ болса өзімдей,
 Қыла алмайды мазақты [1, 110 б.].

Жүрегі тазаланып, періштелік күйге енген адам жанынан өлең өзі еріксіз төгіледі. Сөз, өлең, әуен адамның жанын тазалайды, дертіне шипа болады:

Жыр, өлең насихат сөз, мақал, тақпақ,
 Тауып айтса – дауасыз дерттің емі [1, 162 б.].

Шәкәрімнің қозғалысты – жан, мән деп анықтауы ХХ ғасырдағы ірі француз ойшылы философ, теолог, археолог, палеонтолог, антрополог, неотомис Теяр де Шарден Пьердің қозғалысты: геогенез, психогенез, биогенез, техногенез, ноогенез деп бес түрге жіктеуіне сәйкес келеді. Жалпы, Теяр де Шарденнің [8, 220 б.], В. Вернадскийдің «ноосфера» [18, 65 б.] – ақыл сферасы, «ноология» – грекшеден аударғанда рух жайындағы ілімге сәйкес ұғымын Шәкәрім «таза ақыл» деп тапқан:

Рух деген дінсіз таза ақыл,
 Мінсіздің ісі шын мақұл [1, 231 б.].

Әлемді құдай мен табиғаттың пантеистік тұтастықтағы өзгерісі деп қарастырған Гете, қозғалыс жайлы өз ойын былай деп қорытындылайды: «Біз тәжірибемізде байқайтын қандайлық реттегі болмасын барлық іс-әрекеттер үнемі бір-бірімен байланыста өрілген. Біз бұны былайша атауға тырысамыз: кездейсоқ, механикалық, физикалық, химиялық, органикалық, психикалық, этикалық, діни, данышпандық. Бұл мәңгі – Бірлік, көп түрлі анықталушылық» [8, 101 б.]. Шәкәрім қозғалыс мәнін осылайша саралау мәселесін «Тіршілік, жан туралы» өлеңінде түсіндіреді:

Қозғаған қуат – жан дейміз,
 Жан өсті жаннан сан дейміз.
 Сол жандар әсер берген соң

Жаралды сансыз тән дейміз.
 Жанына қарай тән солар.
 Өсімдік күннен алады ас,
 Күн суық болса түпке қаш,
 Дым тиіп, нұр кеп жылытса
 Өс тағы жайнап, көңіл аш! –

Дейтұғын жанда мән болар [1, 230 б.].

Осы шумақтағы «дым», «нұр» арқылы жанның әлемге «жайнап, көңіл аш» дейтұғын мәнін сезімдік-заттық тұрғыдан басқа Шәкәрім «білім құдірет шеберлігінде өлшеу жоқ себеп» деп, Гете Эрос – өмірдің жасампаздығымен бірге бұл себепті «кемеңгер» деп анықтаған екен. Бұл тылсым құдіретті ақын поэзия тілінде трагедияның 1-бөліміндегі Фаустқа Жер Рухының берген жауабымен береді:

Өмір дауылында, тұрмыс толқынында
 Арпалысам, тербелем.
 Өмір-бақи бола бермек
 Туу деген, өлу деген.
 Өзгерген өмір,
 Құбылған көңіл.

Уақыттың ұршығын иіремін,

Құдайлардың тоқимын киімдерін [2, 31 б.]!

Гетенің Фаусттың сөзімен «Am Anfang war die That» («О баста ең әуелі болған Жұмыс!») дейтін тармағын Г. Плеханов, М. Горькийлер марксистік философияның негізін жақтаушылар ретінде материалистік тұрғыдан революциялық қозғалысқа пара-пар ұғым деп [20, 480 б.], кеңестік гететанушылардың бірі Ф.П. Федоров: «Әлемнің, өмірдің негізі әлдебір көңіл білдіру ишараты емес, іс-әрекет, процесс деп жариялады. Монологтың алғашқы нұсқасындағы «Іс» «Аспандағы прологта» сыр боп төгілген қозғалыспен келісіп тұр. «Іс» Құдайды тіршілікті жаратудан аластатады. Тіпті біз бұл қорытынды «Іс» сөзін Құдайдың ісі деп түсінер болсақ та, Фаустбәрібір евангелиелік ойға қарсы тұр, өйткені ол стихиялы-материалистік бояудағы Іс = Құдай. Негізгі философиялық сұрақты шеше отырып, Фауст материалистік позицияда болмаған күннің өзінде, сол бағытта әрекет етеді», – деп Гете шығармасына кеңес идеологиясын таңып қояды [20, 35 б.]. Осылайша, Ф.П. Федоров «Істі» Фаусттың таным баспалдақтарындағы творчестволық ой жұмысы ретінде қарастырып, Гетенің әлемнің жаралыс басы туралы ойын екі ұшты түсіндіреді. Гете шығармашылығындағы қозғалыс мәселесін бір жақты материалистік тұрғыдан түсіндіруден гөрі Сөз бен Істің бірлігі ретінде қарастырып, әділ шешімін тапқан М.И. Бент «Гете және романтизм («Фаусттағы»

және Генрих Клейст драматургиясындағы тұлға мәселесі») атты ғылыми зерттеу еңбегінде трагедиядағы «О баста, ең әуелі болған Жұмыс!» тармағына мынадай түсініктеме береді: «Иоанн айтқан Изгі Хабардан келтірілген бұл тармақтың Гердерге тиесілі (ой, сөз, ерік, махаббат) түсініктемесі белгілі. Гетеді Фауст «іс» түсінігіне (мынадай реттілік бойынша: сөз-ой-күш-іс) тоқталады. Мұнда әлі әлем жайлы материалистік көзқарас жоқ. Бұл жерде ағартушы деизм рухында, канттық космогония рухында қозғалыс пен дамудың көзі ретінде әрекет етуші ерік туралы сөз болып тұр» [21, 31 б.].

Қос ақынның да шығармашылығында орын алған осы сынды ғылым, дін, философия және әдеби әмбебап көзқарасқа жауапты тек ғылыми емес негіздерден іздеуге тура келеді. Әйгілі теософ Е.П. Блаватская «Құпия доктрина» кітабында: «Адам баласының алғашқы мұрағаттарынан, планетаның бірінші құрылысшылары пайда болғаннан бастап Құдай тек философиялық аспектідегі Бүкіләлемдік Қозғалыс ретінде ғана мойындалды. Оккультизм Бірліктегі негізді мынадай етіп қосындылайды: «Құдай дегеніміз құпия, тірі немесе қозғалушы От, және бұл көрінбейтін Бар дүниенің мәңгі куәгерлері – Нұр, Жылулық және Дым, бұл үштік өзіне бәрін сиғызады және Табиғаттағы барлық құбылыстардың себебі болып табылады», - деп жазады [22, 36-37 бб.].

Гетенің «Жұмыс» ұғымы құдайлық махаббаттың қозғалыстағы көрінісі, Шәкәрім түсінігіндегі адамның құдайлық қасиетінің бірі – «харекет» – деп топшылауымыз керек. Гетенің жырлап отырған «О баста алдыменен Сөз жаралған!» деп басталатын өлең жолдарындағы «Сөз» әрине «тіл-қатынас құралындағы» сөз емес, Заратуштра пайғамбар негізге алған «шапағатты ой», «шапағатты сөз», «шапағатты істің» бірлігі макрокосмдық үйлесімде өмір сүретініне пара-пар екенін түйсінеміз. Сондықтан Мефистофель Фаустқа:

Әдетте адам сөзге ден қояды,
Ойменен, іспен ғана сен жоя біл! [2, 47 б.], -
деп ескертеді.

Шәкәрім әулиеліктің белгісі деп «хақиқат – жардың нұрына малынып, рахатқа батып отыру емес», жер әлеміне оймен де, сөзбен де, іспен де ұлы өзгерісті қоса енгізуді айтады:

Алаяқ сұмдарға ерсен, болмас жолың,
Қазағым-ау қаңғырып қайнар сорың.
Өнер, ғылым үйренсең еңбек етіп,
Мазак болмай елдікке жетер қолың [1, 211 б.].

немесе:

Еңбекке шыда, ебін тап та,
«Сабырдың түбі – сары алтын».

Өзімшіл болма, көпті ардақта,

Адамның бәрі – өз халқың [1, 189 б.].

«Фаустың» 2-бөлімінің аяғында қартайған Фаустың қасына түн ортасында төрт бірдей мұңлық әйел: Кемшілік, Күнә, Қамқорлық, Мұқтаждық пайда болады. Осы төрт бірдей кейіпкермен болған айтыста кәрі Фауст өзінің ақиқатқа барар жолында пендешілігімен алыса жүріп, барлығын да адал еңбек арқылы жеңуге болатынын, халық игілігі үшін каналдар қазып, жүзімдіктер жайнатпақшы ойын былай деп түсіндіреді:

Осы өмірге тіре аяқты нық басып

Іскер жанға келер бақыт жұптасып.

Жан-жағында, байқа не боп жатқанын.

Бос қиялға беріліп қай сасқаның?

Не алсаң да қол жеткенді аларсың?

Ұмтыл алға! Орта жолда қаларсың.

Қозғалыста қайғы да бар қуаныш,

Ұмтылудан табар адам жұбаныш.

Бір сәтке де толастамай, тоқтамай,

Шаршап талмай күнде мақсат қуамыз [2, 185 б.].

Шәкәрім дүниеге ең керекті іс – басқаларға жәрдем ету, адамның негізгі мәні де сол екенін Л. Толстойдан аударған «Үш сауал» деп аталатын аңыз-әңгімесінде оқырманына тамаша мысалмен түсіндіреді. Әңгімеде бір патша халыққа мынадай үш сауал қояды: «Қай істі қандай уақытта істеген жақсы?», «Ең керекті кісі кім?» және «Ең керекті іс не?». Патшаға халықтан нақты жауап болмайды. Сонда патша жарлы адамша киініп, бір ақылды тақуаға келіп, жаңағы сауалдарын қайта қояды. Ағаш егіп жатқан тақуа патшаға жауап бермей, күрекпен жерін қаза береді. Тақуаның шаршағанын көрген патша, күректі өзі алып, жер қаза бастайды. Бір кезде жұмыс істеп жатқан бұларға бір жаралы адам кезігеді. Екеуі оны тақуа тұратын үңгірге жатқызып, патша оның жарасын таңып, өлімнен алып қалады. Сөйтсе, бұл адамның кезінде патша әкесін өлтіріп, дүниесін тартып алған соң, бұл да патшаны өлтіріп, кегін алмақшы болып келе жатқанда патшаның солдаттары жаралап кеткен. Ол патшаның өзін аман алып қалғаны үшін кегін ұмытып, кешірім сұрайды, патша да одан кешірім өтінеді. Соңынан патша тақуаға үш сауалын тағы да қойғанда, бәрін көзімен көрген тақуа оған үш сауалының үшеуіне де жауап берілгенін былай түсіндіреді: «Егер сен менің шаршағанымды біліп, маған болыспасаң, ерте қайтар едің де, мынау сені өлтіретін еді. Сондықтан, ең жақсы мезгілін тауып істеген ісің – маған болысқан кезің. Онда саған ең керек кісі мен болдым. Онан соңғы ең керекті – уақыт, ең керекті іс – мына жаралының жарасын байлап, қанын тыйған

уақытың болды. Неге десең, сен үйтіп жәрдем қылмасаң, тірі қалса сенен кек алмай қоймайтын еді. Сондықтан, ол кездегі ең жақсы іс-жарасын байлаған болып, ең керекті кісі – осы жаралы болды» [1, 478-479 бб.]. Осы аңыз арқылы ақын адам баласының ойын тәрбиелеп, биік адамгершілікке саналы, мақсатты еңбекпен жеткізуге аса жоғары мән беретінін көреміз.

Осылайша, қос ақынның шығармашылығы ағартушылық пен надандықтың күресін бейнелеп қана қоймай, сөз өнерін адамның биік мүмкіндіктеріне жол ашатын игілікті мұрат, ақыл-ой мәдениеті мен парасаттылыққа, ойды іске асыратын қасиетті құрал дәрежесіне көтеретін күш-қуат деп ойымызды қорытқымыз келеді.

Әдебиеттер:

1. Құдайбердиев Ш. Шығармалары. Өлеңдер, дастандар, қара сөздер. Құраст. М.Жармұхамедов, С.Дәуітов, (А. Құдайбердиев). – Алматы, 1988. – 560 б.
2. Гете И.В. Фауст. Неміс тілінен аударған М.Құрманов. – Алматы: Жазушы, 1982. – 200 б.
3. Аникст А. «Фауст» Гете, Лит. Коммент. – Москва: Просвещение, 1979. – 240 с.
4. Абай. (Ибраһим Құнанбаев). Екі томдық шығармалар жинағы. Т. 2. – Алматы, 1986. – 200 б.
5. Құран Кәрім. – Мәдина. – 604 б.
6. Киелі Кітап. Таурат, Забур және Інжілден алынған таңдамалы жазбалар. – Стамбул, 1993. – 462 б.
7. Құдайбердіұлы Ш. Үш анық. – Алматы, 1991. – 80 б.
8. Краткая философская энциклопедия. – Москва, 1994. – 576 с.
9. Абай (Ибраһим Құнанбаев). Екі томдық шығармалар жинағы. Т. 1. – Алматы, 1986. – 304 б.
10. Сағындықов Б. Әз машайық //Қазақ әдебиеті, 2000. – 14 шілде. – 11 б.
11. Гете И.В. Таңдамалы лирикалар. – Алматы, 1983. – 240 б.
12. Кессель Л. Гете и «западно-восточный диван». – Москва, 1973. – 120 с.
13. Гете И.В. «Фауст». Лирика. – Москва, 1986. – 767 с.
14. Брагинский И. Западно-восточный синтез в диване Гете и классическая поэзия на фарси. – Москва, 1963. – 12 с.
15. Аветисян В. Гете и проблемы мировой литературы. – Саратов, 1988. – 255 с.
16. Философия. – Ростов на Дону, 1995. – 576 с.
17. Конради К.О. Гете. Жизнь и творчество. Т.1. Половина жизни. – Москва: Радуга, 1987. – 592 с.
18. Современная философия: словарь и хрестоматия. – Ростов на Дону, 1995. – 200 с.
19. Жирмунский В. Гете в русской литературе. – Ленинград: Наука, 1982. – 559 с.
20. Федоров Ф. «Фауст» Гете. – Рига, 1976. – 143 с.
21. Бент М. Гете и романтизм (Проблема личности в «Фаусте» и драматургии Генриха Клейста). – Челябинск, 1986. – 72 с.
22. Блаватская Е. Тайная Доктрина. Т.1. Космогенезис. – Минск, 1997. – 854 с.

References:

1. Qudajberdiev Sh. *Shygarmalary. Olender, dastandar, qara sozder*. Qurast. M.Zharmuhamedov, S. Dautov, (A. Qudajberdiev). – Almaty, **1988**. – 560 b. (*In Kazakh.*)
2. Gete I.V. *Faust*. Nemis tilinen audargan M. Qurmanov. – Almaty: Zhazushy, **1982**. – 200 b. (*In Russ.*)
3. Anikst A. «*Faust*» *Gete, Lit. Komment.* – Moskva: Prosveshhenie, **1979**. – 240 s. (*In Russ.*)
4. Abaj. (Ibrahim Qunanbaev). *Eki tomdyq shygarmalar zhinagy*. T. 2. – Almaty, **1986**. – 200 b. (*In Kazakh.*)
5. *Quran Karim*. – Medina. – 604 b. (*In Kazakh.*)
6. *Kieli Kitap. Taurat, Zabur zhane Inzhilden alyngan tandamaly zhazbalar*. – Stambul, **1993**. – 462 b. (*In Kazakh.*)
7. Qudajberdiuly Sh. *Ush anyq*. – Almaty, **1991**. – 80 b. (*In Kazakh.*)
8. *Kratkaja filosofskaja jenciklopedija*. – Moskva, **1994**. – 576 s. (*In Russ.*)
9. Abaj (Ibrahim Qunanbaev). *Eki tomdyg shygarmalar zhinagy*. T. 1. – Almaty, 1986. – 304 b. (*In Kazakh.*)
10. Sagyndyqov B. *Az mashajyq //Qazaq adebieti*, **2000**. – 14 shilde. – 11 b. (*In Kazakh.*)
11. Gete I.V. *Tandamaly lirikalar*. – Almaty, **1983**. – 240 b. (*In Kazakh.*)
12. Kessel' L. *Gete i «zapadno-vostochnyj divan»*. – Moskva, **1973**. – 120 s. (*In Russ.*)
13. Gete I.V. «*Faust*». *Lirika*. – Moskva, **1986**. – 767 s. (*In Russ.*)
14. Braginskij I. *Zapadno-vostochnyj sintez v divane Gete i klassicheskaja pojezija na farsi*. – Moskva, **1963**. – 12 s. (*In Russ.*)
15. Avetisjan V. *Gete i problemy mirovoj literatury*. – Saratov, **1988**. – 255 s. (*In Russ.*)
16. *Filosofija*. – Rostov na Donu, **1995**. – 576 s. (*In Russ.*)
17. Konradi K.O. *Gete. Zhizn' i tvorchestvo*. T.1. Polovina zhizni. – Moskva: Raduga, **1987**. – 592 s. (*In Russ.*)
18. *Sovremennaja filosofija: slovar' i hrestomatija*. – Rostov na Donu, **1995**. – 200 s. (*In Russ.*)
19. Zhirmunskij V. *Gete v russkoj literature*. – Leningrad: Nauka, **1982**. – 559 s. (*In Russ.*)
20. Fedorov F. «*Faust*» *Gete*. – Riga, **1976**. – 143 s. (*In Russ.*)
21. Bent M. *Gete i romantizm (Problema lichnosti v «Fauste» i dramaturgii Genriha Klejsta)*. – Cheljabinsk, **1986**. – 72 s. (*In Russ.*)
22. Blavatskaja E. *Tajnaja Doktrina*. T.1. Kosmogenezis. – Minsk, **1997**. – 854 s. (*In Russ.*)

FTAXP 14.29.05

Ж.Д. Айнабек¹

*¹Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті
(Алматы, Қазақстан)*

С.М. Кеңесбаев²

*²«Өрлеу» біліктілікті арттыру орталығы
(Алматы, Қазақстан)*

ПСИХИКАЛЫҚ ДАМУЫ ТЕЖЕЛГЕН БАЛАЛАРҒА БІЛІМ БЕРУ БАРЫСЫНДА АРНАЙЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ОЙЫНДАРДЫ ҚОЛДАНУ

Аннотация

Мүмкіндігі шектеулі балалардың ішінде дамуында ауытқуы бар балалар өзіндік ерекше, аса үлкен мейірім мен көңілді қажет ететін, өздігімен жұмыс жасай алмайтын балалар тобына жатады. Мұндай балалардың қызығушылығын арттыру, ойын бөлу, ақыл-есін дамыту мақсатында сабақ өту және сабақтан тыс уақыттарда психологиялық ойындар өткізу өте пайдалы және ол белгілі тұрғыда өз нәтижесін береді. Әсіресе, жаратылыстану бағытындағы сабақтар кезінде баланың ойын бөліп, бір қуаттандырып алса, оның сабаққа деген қызығушылығы төмендемей, бір қарқында сабақты меңгеріп шығады. Психологиялық ойындар баланың өз ата - анасына, достарына, қоғамға керек екендігін сезіндіреді. Баланың жеке индивидті ойын қалыптастыруға көмектеседі, өз ойын ашық айтып үйрене бастайды. Сабақ барысында психологиялық ойындарды қолдану баланың сабақтан жалығуына алып келмейтін бірден бір тәсіл болып табылады.

***Кілт сөздер:** дамуында ауытқуы бар балалар, психологиялық ойындар, дамыту, ойын, тапсырма, психолог, әдіс - тәсілдер.*

Zh.D. Ainabek¹

*¹Kazakh State Women's Teachers Training University
(Almaty, Kazakhstan)*

S.M. Kenesbaev²

*²National Center for Advanced Training «Orleu»
(Almaty, Kazakhstan)*

THE APPLICATION OF PEDAGOGICAL GAMES IN THE PROCESS OF TEACHING CHILDREN WITH DEVELOPMENTAL DISABILITIES

Annotation

Among children there are children with developmental disabilities who can not work independently but require great kindness and attention. To increase their mental development and interest at the lessons, it is very useful to conduct psychological games during the lessons and after the lessons that yield certain results. Especially during the lessons of natural guidance should be distracted and energized, then the child's interest in the lesson does not decrease, but intensifies. Psychological games give children the feeling that they are needed by parents, friends and society. It helps to form individual thinking and to learn expressing their thoughts. By using psychological exercises during the lesson is one of the acceptable methods that helps to avoid boredom during the lessons.

Key words: *children with developmental disabilities, psychological games, development, games, tasks, methods.*

Ж.А. Айнабек¹

¹Казахский государственный женский педагогический университет
(Алматы, Казахстан)

С.М. Кенесбаев²

²Национальный центр повышения квалификации «Өрлеу»
(Алматы, Казахстан)

ПРИМЕНЕНИЕ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ ИГР В ПРОЦЕССЕ УЧЕБЫ У ДЕТЕЙ С ЗАДЕРЖКОЙ ПСИХИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ

Аннотация

Среди детей с ограниченными возможностями есть дети с отклонениями в развитии, которые не могут работать самостоятельно, но требуют большой доброты и внимания. Чтобы повысить их умственное развитие и интерес к урокам, очень полезно проводить психологические игры, дающие определенные результаты во время уроков и после уроков. Особенно во время уроков естественного направления надо отвлекать и зарядить ребенка энергией, тогда интерес ребенка к уроку не уменьшается, а усиливается. Психологические игры дают детям ощущение защищенности, помогают формировать индивидуальное мышление и учат выражать свои мысли. Использование психологических упражнений во время урока является одним из приемлемых методов, который помогает уйти от скуки во время уроков.

Ключевые слова: дети с отклонениями в развитии, психологические игры, развитие, игры, задания, методы.

XX ғасырдың басында неміс педагог-дефектологы П.Шуманның «бала кемістігінің даму деңгейі неғұрлым төмен болса, соғұрлым мұғалімнің білім деңгейі жоғары болу керек» деген сөзінен даму мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс істеу өте қиын екенін байқауға болады. Қазіргі кезде мектептерде кемтар балаларды қамқорлыққа алып, олардың қалыптасуына және айығуына мүмкіндік жасап, өз бетімен өмір сүруіне бағыт бағдар беруге арнайы дайындық жүргізілуде. Кемтар балалардың білім деңгейін көтеріп, өмірге қажетті білім, білік, дағдысын, тәртібін қалыптастыруға байланысты түрлі шаралар жасалуда. Бұл балаларды оқытатын мұғалімдердің алдына мынадай міндеттер қойылады:

1. Баланың мектепке дайындығын анықтау;
2. Тәрбиесіндегі кемістігін жою;
3. Сабақты жүйелі жоспарлау.

Дамуында әртүрлі кемшіліктері бар балаларды арнайы оқытуға деген сұраныс, әсіресе олардың танымдық процестерін психологиялық жағынан зерттеу қазіргі таңда өзекті мәселе болып отыр. Оқыту үрдісінде мұндай балаларға оқу материалын меңгерту

үшін арнайы мектептер мен мекемелерде білім берудің мазмұны мен әдістерін жасау және оны негіздеу қажет.

Әсіресе ауылдық жерлерде туа біткен, сонымен қатар еліміздегі экологиялық тепе-теңдіктің бұзылуынан, тұқым қуалаған, жүре пайда болған аурулар салдарынан, мектепке бару бақыты бұйырмаған балалар бар. Осы балаларды психологиялық ойындар көмегімен дене кемістігін қалпына келтіріп, сол арқылы психологиялық саулығын сақтап, бала мүгедектігінің деңгейін төмендетуге мектеп психологтары аз да болса үлестерін қосып келеді. Әр психолог үйден оқитын балаға барғанда біріншіден, баланың көңіл күйіне қарап, динамикалық бақылау күнделігін жүргізіп отырады. Баланы мектепішілік іс-шараға қатыстырады немесе көрермен ретінде көруге шақырады. Екіншіден, баланың үйіне барғанда ата-анасымен сөйлеседі, пікірлеседі, кеңес беріп отырады. Тек қана баланың өзімен жұмыс жасағаннан гөрі ата-анасымен қосылып жұмыс жасаған балаға қатты ұнайды. Ол үшін үйден оқитын оқушының отбасылық әлеуметтік жағдайын, жас ерекшелігін ескере отырып, балаға ешқандай қиыншылық туғызбайтын өз іс-тәжірибемде қолданып жүрген, ата-анасымен бірлесе жүргізген, баланың өзіне арналған коррекциялық ойындарды ұсынамын. Әрбір мұғалім жеке балаға сабақ бергенде сабағына қолдануға болады.

Баланың қуанышы мен реніші ойында анық байқалады. Ойын кезінде баланың психологиялық ерекшелігі мынадан көрінеді:

1. Олар ойланады.
2. Эмоциялық әсерін көрсетеді, белсенділігі артады, қиял елестері дамиды, баланың шығармашылық қабілеті мен дарыны ұшталады.
3. Ұжымдық сезімі қалыптасады.
4. Ерік қасиетін бекітеді, адамгершілік сапасын жетілдіреді. «Менің және анамның қолы».

Мақсаты: Ең алдымен дене және эмоционалды есте сақтауға сүйене отырып, қатысушылардың дене сызбасы туралы түсініктерін нығайту. Бала-ата-ана жұптары бір-біріне қарама-қарсы тұрады және оларға мұғалімнің айтқанын орындау ұсынылады. Психолог тізбекті түрде келесілерді ұсынады:

1. Бір-бірлерімен сұқ саусақтарымен «Сәлемдесу»;
2. Шынтақтарымен бір-бірлерінің шынтақтарын сипалау;
3. Ортаңғы саусақтар көмегімен күш сынасу;
4. Серіктестің біреуі алақанымен екінші қатысушының бармағын ұстап тұру қажет. Содан кейін орындарын ауыстыру;
5. Бір-бірлерімен шынтақпен қоштасу.

Сабақта жаттығу тек сол қолмен орындалады. Үй тапсырмасы ретінде қатысушыларға тура осыны қарама-қарсы саусақтармен жасау ұсынылады.

«Ия-жоқ» өзін қабылдауға арналған жаттығу.

Баланың өзімен жүргізілетін жұмыс түрлері.

Жағымды ойлауға үйрену. Жақсы нәрсе туралы ойлап, соны күту, соған сену. Өз ойыңда үйлесімділік пен тепе-теңдікті құра отырып, біз де соны өмірден таба бастаймыз.

Өзің туралы жағымсыз ойлардан құтылу.

Сіздің саналы түрдегі Өзіңізді мейлінше жақсы емеспін деген сеніміңіз, сіздің іс-әрекетіңіз бен қылықтарыңызды басқарады да, әрдайым ол өмірде көрініс береді.

Өзіңді сүй. Біз өзімізді бар жанымызбен сүйіп және өзімізді құрметтесек, сонда өз іс-әрекеттеріміз бен қылықтарымызды қоштаймыз, біз адамдармен ең ғажап қарым-қатынас тудыра алатындай, жаңа қызықты жұмыс табуға мүмкіндік беретіндей, дене салмағымызды тұрақтандыра алатындай, денсаулығымызды нығайта алатындай етіп ақылымызды нақты ұйымдастыруды құрамыз. Өзіңді қабылдау және өзіңді қоштау – бұл жағымды өмірлік өзгерістер жасаудың кілті.

Өзіңді неғұрлым азырақ сынауға тырыс. Сын біз құтылуға тырысып жатқан сол ой бейнелеріне тоқтау сап қояды.

Өз жеткен биігіңізді өзіңіз теріске шығармаңыз және басқалардың теріске шығаруына жол бермеңіз. Мұны балалар керемет орындайды. Өмірдегі бар жақсы нәрсе өзіңнің сыртқы «Меннен» айырмашылығы болатын ішкі «Менді» қабылдаудан басталады. Біздің жүрегімізде барлық планетаны емдеп жазарлық махаббат жетерлік екенін ұмытпаңыздар.

Өз бойыңыздан жақсы қасиеттерді іздеңіз. Осыдан сіздің өміріңізде айтарлықтай прогресс басталады. «Мен өзімдегінің бәрін қолдаймын» деген жаттығу бар. Сіз мұны неғұрлым көбірек айтсаңыз, соғұрлым жақсы болады.

Басқалардың сіз туралы айтқанына көп көңіл бөлмеңіз. Әр адам – қайталанбас және ерекше. Біз осы планетаға біреуге ұқсау үшін емес, өзімізді көрсету, жеткізе білу үшін келгенбіз.

Қарым-қатынасты дамытуға арналған жаттығулар

«Бет-әлпетті еске сақтау». Өзіңді қоршаған адамдардың бет-әлпетін сақтауға дағдылан. Қарап ал да, көзіңді жұм, көргеніңді түгелдей еске түсір. Толық еске түсіруге қиналсаң, қайта қара. Осылайша бірнеше рет қайтала.

«Ол қалай күледі?» Бет жүзіне қарап, адамның қалайша күлетінін, жылайтынын көз алдыңа елестет. Өзіңнің жақсы көргенін,

сүйіспеншілігін, махабатын қалай білдіреді? Абыржып, сасқан кезде қандай? Ол қулана ма, әлде сытылып, құтылып шыға ма? Қалай дөрекілік көрсетеді? Ұрсыса ма? Өкпелегенде қандай? Ол бұрын қалай көрінетін еді? Кейін қандай болады?

«Мен басқалардың көзімен». Әр түрлі жағдаяттарда және әр түрлі адамдармен өзіңнің әңгімелесушінің көзімен қарағанда қалай көрінетінін елестуге тырыс. Сен қалай әсер етесің? Ол сен туралы не ойлайды?

«Өзіңді бағалау». Неғұрлым бағалаушы болудан гөрі, бағаланушы болған жөн. Айналаңдағылар сенен не күтеді? Оған сенімен жақсы ма? Егер біреу қателік жіберсе, сол қателікке емес, оған өзіңнің реакцияның қалай болатынына назар аудар.

«Көңіл-күйге ортақтасу». Жеке тақырыпта әңгімелесе отырып, өзіңмен әңгімелесушіні ұқыпты тындауға тырыс. Егер ол саған көңіл сырын сеніп ашса, өзіңдікін айтып жарыспа, бөліп тастама, көңіл-күйіне ортақтас, өзіңді оның орнына қойып көр.

«Қоштау». Балаларға көз салып қара, олардың іс-әрекеттерін бақыла, оны қоштау мүмкіндіктерін жіберме.

«Күлкі». Бет-жүзінде әрдайым күлкінің табы тұруын, жылы кейіпті, мейірімді жүзді, ақжарқын қалпыңды сақтауға үйрен. Күлкің келмесе де, оған әруақытта дайын бол. Әрдайым ішкі дүниен күліп тұрғаны жөн.

«Саған аманшылық тілеймін». Кез-келген адаммен кездескен кезде алғашқы сөзің (ішкі тілегің) «Саған аманшылық тілеймін» болуы керек. Мұны оған бар жан-жүрегіңмен сыйла! Егер сен біреумен дау-жанжалға түсіп, ұрсысып қалатын болсаң, «Саған аманшылық тілеймін» дегенді дереу есіңе түсіріп, қайталайтын бол.

«Жаңа түрге ену». Өзіңді басқа адамның орнында сезініп көр. Сен – ол екенін көз алдына елестет. Оның сырт келбетін тауып ал, оның ішкі әлеміне аз-маз еніп байқа. Оның жүріс-тұрысын, мимикасын, қозғалыстарын салып көр. Жаңа түрге түс, оның сезімдері мен ойларымен астасып өмір сүруге тырыс.

«Нажағай қаупі жоқ». Өзіңнің жағымсыз эмоцияңды тежеуге тырыс. Саған оны тежеу қандай қиын болса, айналаңдағыларға оны бастан кешіру сондай қиын. Ұрсысып-керіспеуді, күңкілдеп-жыламауды үйрен. Бір апта бойы барлығын кешіруге, бәрін түсінуге, ешкімді сынамауға, ескерту айтпауға, кінәламауға тырыс. Мүмкін одан да ұзағырақ осылай істерсің?

«Мен – ғажаппын!». Әр адам өзіне қаншалықты баға берсе, соған соншалықты лайықты болады. Тұлға ретінде қалыптасуың үшін өзіңді, өмірлік іс-әрекетіңді лайықты бағалай білуің керек. Өзіңе

арнап неғұрлым жақсы, жағымды, жылы сөздерді көбірек айту керек. Өзінді-өзің дұрыс бағалағаның жөн.

Әр адамның өзіне арнаған жақсы, жағымды қолдау, мадақтау, мақтау сөздері болуы тиіс.

Мысалы:

- Мен осы өмірге келуіммен кереметпін.
- Мен сияқты бұл өмірде ешкім де болған емес, болмайды да.
- Мен ғажаппын, мен кереметпін.
- Менің күш-жігерім көп, денсаулығым мықты.
- Мен өмірді сүйемін, өмір мені аялайды.
- Мен тамаша жанмын.
- Мен мейірімді, жылы жүректі адаммын.
- Мен сабырлымын, салмақтымын.

Ойын түрлері:

«Кімде қандай қасиет бар»

Малдың түрі бейнеленген карточкаға бала оның қасиетін көрсететін сөз жазылған басқа карточканы таңдап алады. Мысалы, ит және иесіне берілгендік, түлкі және айлакерлік, түйе және тәкаппарлық және т.б.

«Өзің жалғастыр...»

Мақсат сабаққа кешіккенін енді ғана ұқты...

Айнұр досын ренжітіп алғандай болды...

Оспан ағасына бір нәрсені айтуды ұмытып кетті...

Әңгімелерді одан әрі жалғастырып, өз бетінше аяқтауын тапсырып, соңынан баланың ойын талқылауға болады.

«Түспен ажырату»

Ойынның мақсаты: адамның мінез-құлқын бояумен көрсетіп, жағымды жақтарын түспен ажырату.

Мұғалім: балаға адамның қасиеттерін кемпірқосақ тәрізді етіп бояуды тапсырады. Қандай қасиетті қай түспен бояуды баланың өзі шешеді. Ойын соңында адамның мінез-құлқын көрсету үшін қай түсті неге таңдағанын өзі түсіндіріп береді.

«Баға беру»

Ойын тапсырмаға қорытынды жасап, баға беруге негізделген.

Мұғалім баладан портретке немесе суретке қарап, ондағы адамдардың мінез-құлқын, қасиеттерін ажыратып беруді тапсырады. Балалар ойын жинақтау үшін баяу музыка қойылып, белгілі бір уақыт беріледі.

Бұл ойын баланың адамды тани білуіне, келбетіне қарап, мінез-құлқын ажырата білуіне көмектеседі.

Ойын-пантомима

Бұл ойын баланың мінез-құлықты эмоция арқылы танып білуін көздейді. Мысалы, балаға түрлі мимикамен түсіндірілетін түрлі тапсырмалар беріледі:

- ауырған, немесе шаршаған шешесін баласы қалай аялайды;
- оқушы қартты жолдан қалай өткізуі керек;
- әжесінің алдында бала өз кінәсін қалай жуып-шаяды;
- ренжіскен екі дос бір-бірімен қалай татуласарын білмейді.

Достарының көмегімен музыканың сүйемелдеуімен өздері құрастырған сюжетті көрсетеді.

Соңынан тапсырмалардың мазмұны ашылған соң, олар берілген сұрақтарға жауап дайындап, қысқаша мәтіндер құрастырады.

«Өз есіміңді ерекше ата» ойыны

Адамның есімі-оның бетке ұстар құралы. Біздің есімдеріміз өмір бойы бізбен бірге, олар біздің мінезімізге, сезімдеріміз бен ойымызға өз ізін қалдырады.

Кәнеки,өзіміздің есімімізді еркелей әрі ардақтап айтып көрейік. Жаттығып алайық.

Мұғалім баланы ортаға шақырады. Бала өз есімін атаған кезде қандай сезімде болғанын сұрауға немесе осы айтқандарын қағаз бетіне түсіруіне болады.

Құрметті ұстаздар, «Әрбір бала-бір жұлдыз, жарқырауына көмектес!» қағидасын бекем ұстанайық. Өздері кемтар болып келген баланың көңіліне кірбің түсірмейік.

Әдебиеттер:

1. Ломова Б.В., Забродина Ю.М., «Человеческая память и процесс обучения». – Москва: Прогресс, 1979. – 528 с.
2. Смирнов М.Н. «Проблемы психологии памяти». – Москва: Просвещение, 1966. – 432 с.
3. Митина Л.М. Психология профессионального развития учителя. Москва: Флинта, МПСИ, 1998. – 200 с.
4. Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық педагогикалық түзету арқылы қолдау туралы ҚР 2002 ж. №343 заңы

References:

1. Lomova B.V., Zabrodina Ju.M., «*Chelovecheskaja pamjat' i process obucheija*». – Moskva: Progress, **1979**. – 528 s. (*In Russ.*)
2. Smirnov M.N. «*Problemy psihologij pamjati*». – Moskva: Prosveshhenie, **1966**. – 432 s. (*In Russ.*)
3. Mitina L.M. *Psihologija professional'nogo razvitija uchitelja*. Moskva: Flinta, MPSI, **1998**. – 200 s. (*In Russ.*)
4. *Kemtar balalardy aleumettik zhane medicinalyq pedagogikalыq tuzetu arqyly goldau turaly QR 2002 zh. №343 zany (In Kazakh.)*

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ:

1. Самарбаева Амина Бауыржановна – 2 курс магистранты, Қазақ ұлттық хореография академиясы;

Ғылыми жетекшісі Саитова Гүлнара Юсуповна – Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген әртісі, өнертану кандидаты, профессор, Қазақ ұлттық хореография академиясы;

2. Кенжетасева Алия Илюгалиевна – 1 курс магистранты, Н.Г. Чернышевский атындағы Саратов ұлттық зерттеу мемлекеттік университеті.

Ғылыми жетекшісі Рахимбаева Инга Эрленовна – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Н.Г. Чернышевский атындағы Саратов ұлттық зерттеу мемлекеттік университеті;

3. Жумасеитова Гүлнара Тазабековна – өнертану кандидаты, профессор, Қазақ ұлттық хореография академиясы;

4. Салаева Құралай Талғатовна – 2 курс магистранты, Қазақ ұлттық хореография академиясы;

Ғылыми жетекшісі Ізім Тойған Оспановна – ҚазКСР-нің еңбек сіңірген әртісі, өнертану кандидаты, профессор, Қазақ ұлттық хореография академиясы;

5. Балғамбарова Асем Дауылбайқызы – 2 курс магистранты, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті.

Ғылыми жетекшісі Құлманова Шолпан Бөрібаевна – педагогика ғылымдарының докторы, профессор; Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті;

6. Нурпеисова Алия Ериковна – Қазақ ұлттық хореография академиясының концертмейстері;

7. Габдрашитова Камила Алижановна – өнертану магистрі, Қазақ ұлттық хореография академиясы;

8. Мейрамова Сабина Тлектесовна – өнертану магистрі, Қазақ ұлттық хореография академиясы;

9. Сақтағанов Балабек Кеништаевич – PhD доктор, Қазақ ұлттық хореография академиясы;

10. Қуандық Жанна Бостандыққызы – 1 курс магистранты, Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы.

Ғылыми жетекшісі Берістен Жанарбек Танигазиевич – философия ғылымдарының кандидаты, профессор, Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы;

11. Сейсекенова Айнаш Байкенжиева – филология ғылымдарының кандидаты, Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университеті;

12. Айнабек Жаксыкүл Даниярқызы – 2 курс магистранты, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті.

Ғылыми жетекшісі Кеңесбаев Серік Мұхтарұлы – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы АҚ.

INFORMATION ABOUT THE AUTHORS:

1. Samarbayeva Amina Bauyrzhanovna – the 2nd year-course master student of the Kazakh National Academy of Choreography.

Scientific adviser Saitova Gulnara Yusupovna – Honored Artist of the Republic of Kazakhstan, PhD in History of Arts, professor, Kazakh National Academy of Choreography;

2. Kenzhetayeva Aliya Iyugaliyevna – the 1st year-course master student of Saratov State University named after N.G. Chernyshevsky.

Scientific adviser Rakhimbayeva Inga Erlenovna – Doctor of Pedagogical Sciences, professor, Saratov State University named after N.G. Chernyshevsky;

3. Zhumaseitova Gulnara Tazabekovna – PhD in History of Arts, professor, Kazakh National Academy of Choreography;

4. Salayeva Kuralai Talgatovna – the 2nd year-course master student of the Kazakh National Academy of Choreography;

Scientific adviser Izim Toigan Ospanovna – Honored Artist of the Kazakh SSR, PhD in History of Arts, Professor, Kazakh National Academy of Choreography;

5. Balgambarova Asem Dauylbaikyzy – the 2nd year-course master student of the Kazakh State Women’s Teacher Training University;

Scientific adviser Kulmanova Sholpan Burybaevna – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Kazakh State Women’s Teacher Training University;

6. Nurpeisova Aliya Erikovna – the concertmaster of the Kazakh National Academy of Choreography;

7. Gabdrashitova Kamila Alizhanovna – Master of Arts, Kazakh National Academy of Choreography;

8. Meiramova Sabina Tlektsovna – Master of Arts, Kazakh National Academy of Choreography;

9. Saktaganov Balabek Kenishtayevich – PhD in Pedagogy and Psychology, Kazakh National Academy of Choreography;

10. Kuandyk Zhanna Bostandykkyzy – the 1st year-course master student of T.K. Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts;

Scientific adviser Beristen Zhanarbek Tanigazyevich – Candidate of Philosophical Sciences, Professor, T.K. Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts;

11. Seisekenova Ainash Baikenzhieva – Candidate of Philology, Associate Professor, Kazakh University of Economics, Finance and International Trade;

12. Ainabek Zhaksykul Daniyarkyzy – the 2nd year-course master student of the Kazakh State Women’s Teacher Training University;

Scientific adviser Kenesbaev Serik Mukhtaruly – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, JSC «National Center for Advanced Training «Orleu».

СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ:

1. Самарбаева Амина Бауыржановна – магистрантка 2 курса, Казахская национальная академия хореографии.

Научный руководитель Саитова Гульнара Юсуповна – Заслуженная артистка Республики Казахстан, кандидат искусствоведения, профессор, Казахская национальная академия хореографии;

2. Кенжетасева Алия Илюгалиевна – магистрантка 1 курса, Саратовский национальный исследовательский государственный университет им. Н.Г. Чернышевского.

Научный руководитель Рахимбаева Инга Эрленовна – доктор педагогических наук, профессор, Саратовский национальный исследовательский государственный университет им. Н.Г. Чернышевского;

3. Жумасентова Гульнара Тазабековна – кандидат искусствоведения, профессор, Казахская национальная академия хореографии;

4. Салаева Құралай Талгатовна – магистрантка 2 курса, Казахская национальная академия хореографии.

Научный руководитель Ізім Тойған Оспановна – заслуженная артистка КазССР, кандидат искусствоведения, профессор, Казахская национальная академия хореографии;

5. Балғамбарова Асем Дауылбайқызы – магистрантка 2 курса, Казахский государственный женский педагогический университет.

Научный руководитель Құлманова Шолпан Бөрібаевна – доктор педагогических наук, профессор, Казахский государственный женский педагогический университет;

